Жаһандық диалог 7.1

Жылына 4 рет 17 тілде шығады

Революциядан кейінгі Мысыр — Мона Абаза

Шындыққа күмәндану — Люк Болтански

Айырықша институт — Сара Мосоеца

Африка-американдық әйелдерді таныстыру — Патриция Хилл Коллинз

Сингапур әлеуметтануы — Виниета Синха, Нұрман Абдулла, Юэн Тео, Франсис Хек Ги Лим, Даниель П.С. Гох

Польшадағы жасанды түсік үшін күрес — Агнешка Граф, Элжбиета Королчук, Джулия Кубица

Арнайы бағаналар

> ХӘҚ: жас әлеуметтанушылар желісі

> Жаһандық Диалогты индонезиялық тілге аудару

> Индонезиялық редакция алқасымен таныстыру

ЖУРНАЛ

Басылым 7 /Шығарылым 1/ Наурыз 2017

www.isa-sociology.org/global-dialogue/

GD

International Sociological Association

> Редактордан

Әрі қарай не болмақ?

Кәсіби жүргізілген барлық әлеуметтанулық сұраулардың тек бірнешеуі ғана Дональд Трамптың жеңісін болжай алғаны – АҚШ әлеуметтанушыларының өз елі туралы білімдерінің тым шектеулігін меңзесе керек. Осы жағдай солшыл бағыттағы қозғалыстар зерттеулерінен анағұрлым асып түскен оңшыл қозғалыстардың зерттеулеріне қарамастан – Арли Хохчайлдтың зерттеуі 2016 жылғы үшінші шығарылымда жарияланған – орын алып отыр. Әлеуметтанушылар, өзгелерден ерекшеленбей-ақ өздері сияқты үстемдікке, теңсіздікке, ксенофобияға қарсы қозғалыстарды танып, біле отырып, әрекет ететін адамдарды зерттейді. Өзгелерді түсіну үшін өз құндылықтары мен міндеттерін мансұқ етіп қажеті жоқ немесе әлеуметтанушылар құндылықтардан тәуелсіз деген кейіпке ену де міндетті емес – беймәлім қоғамдастықтардың табиғатына үңілуді де талап ететін қоғамдастықтың неғұрлым саналы мүшесі болу аса құптарлық.

Тап осындай жұмыстың маңыздылығы журналдың осы және алдыңғы басылымындағы жасанды түсік жасату құқы үшін күрес жөніндегі мақалалардан айқын көрінеді. Агнешка Графф пен Элжбиета Королчук Польшада антигендерлік қозғалысты тудырған саясатты және оның антиглобалистердің кең көлемді мақсаттарымен қалай байланысты екендігін зерттейді. Джулия Кубица Польша көшелерін жаулап алған үкіметке қарсы ауқымды қолшатыр қозғалысын түсіндіреді. Дегенмен, көше – тек қарсылық алаңы ғана емес, сонымен қатар милитарлану орны екенін Мона Абаза 25 қаңтардағы мысыр революциясының генерал Әл Сиси бастаған контреволюцияға ұласуына алып келген оқиғаларды сипаттаумен көрсетеді.

Осы басылымда белгілі француз әлеуметтанушысы Люк Болтанскимен сұқбатты жариялап отырмыз. Ол өзінің сын әлеуметтануын институттық болмыс пен нақты әлемнің тәжірибесі арасындағы алшақтықтың нәтижесі ретіндегі мазмұнда баяндауды ұсынады. Ұлттық институттарды белсенді әрекетке итермелей отырып, қақтығыстар мен тоқырау жаһанданған әлемдерімізбен қайшылыққа түсуін жиілетті. Бұл Сингапур әлеуметтануы бойынша бес мақаланың талдау нысаны болып отыр. Авторлар осы шағын ұлттың бағытын, сонымен қатар оның алғашқы премьер-министрі Ли Куан Ю дүниеден озғаннан кейінгі әлеуметтанудың ерекшелігін зерттейді. Аталмыш мақалаларда әлеуметтік мобилдік, ұлттық шығу тегі, дін және саясат сияқты саладағы ресми идеология мен нақтылық арасындағы қарама-қайшылықтар көрсетілген.

Оқырман Азиядан Африкаға, соның ішінде соңғы екі жылда саяси берекесіздік шылауына оралған Оңтүстік Африкаға ойысады. Осы жерде үкімет ұсынған және Сара Мосоецаның жетекшілігімен жүзеге асатын бірегей академиялық бағдарламаға назар салуға шақырамыз. Оның институты аспиранттарды қолдаумен, конференциялар өткізумен, кітап сайыстарын, сонымен қатар әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар бойынша мақалалар жариялауды ұйымдастыруымен белгілі.

Косоволық жас әлеуметтанушы Лабинот Кунушевичидің белгілі феминист, африка-американдық әлеуметтанушы Патриция Хилл Коллинзбен өткізген әңгімесі негізінде сұқбатты да жариялап отырмыз. Осы шығарылымда аударманың кейбір мәселелерін баяндай отырып, «Жаһандық диалогтың» индонезиялық тобы таныстырылады. Шығарылым Олег Комликтің ХӘҚ әлеуметтанушылардың жаңа ұрпағын қолдау мақсатындағы аса маңызды жобаларының бірі ХӘҚ Жастар әлеуметтанулық желісінің аса өзекті жұмысы туралы ақпаратпен аяқталады.

> Жаһандық Диалог ХӘҚ ресми сайтында 17 тілде жарияланады

> Мақалаларды мына адреске жолдауға болады burawoy@berkeley.edu

Мысырлық белгілі әлеуметтанушы, ислам мен қала өмірі бойынша бірнеше кітаптың авторы Мона Абаза қаңтар революциясынан кейінгі қоғамның милитарлануы туралы ой бөліседі.

Сын әлеуметтануының атақты французбдық теоретигі Люк Болтански өзінің детектив романдар туралы соңғы кітабы және оның әлеуметтану үшін маңызы хақында айтады.

Оңтүстік Африкалық жігерлі әлеуметтанушы Сара Мосоеца өзі жұмыс істейтін қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар институтының ерекшелігін сипаттайды.

Танымал африка-американдық феминист әйел Патриция Хилл Коллинз зияткерлер және маргиналдық туралы ерекше пікірін ортаға салады.

GD

Жаһандық диалог SAGE Publications ұсынған риясыз грант негізінде жүзеге асып отыр.

> Редакциялық алқа

Еедактор: Майкл Буравой.

Редактордың орынбасары: Гай Сейдман.

Басқарушы редактор: Лола Бусуттил, Августо Бага.

Редакциялық кеңес:
Маргарет Абрахам, Маркус Шульц, Сари Ханафи, Виниета Синха, Бенджамин Теджерина, Роземари Барбарет, Изабелла Барлинска, Дилек Чиндыоглу, Филомин Гуттиерец, Джон Холмвуд, Гуэлермино Жассо, Калпана Каннабиран, Марина Куркчян, Саймон Мападименг, Аблдул-мумин Саад, Айше Сактанбер, Сели Скалон, Саука Ширахасе, Гразина Скапска, Эвангелия Тастосоглоу, Чин-чин Ю, Елена Здравомыслова.

Аймақтық редакторлар

Араб әлемі:
Сари Ханафи, Мунир Сайдани.

Аргентина:
Хуан Игнасио Пиовани, Пилар Пи Пуч, Мартин Уртасан.

Бангладеш:
Хабибул Хак Хондкер, Хасан Махмуд, Джувел Рана, Юс Рокейя Ахтер, Тоуфика Султана, Асиф Бин Али, Харун Нахар, Ешрат Джахан Аймун, Кази Фадия Еша, Хелал Аддин, Мухамин Чоудари.

Бразилия:
Густаво Танигутти, Андреза Галли, Анжела Мартинс Джуниор, Лукс Амарал, Бенно Альвес, Жулио Дэвис.

Үндістан:
Ишвар Моди, Рашми Жаин, Джуотти Сидана, Прага Шарма, Нидхи Бансаль, Панкаш Бхатнагар.

Индонезия:
Каманто Сунарто, Хари Нугрохо, Лусия Ратих Кусумадеви, Фина Итрияти, Индера Ратна Иравати Паттинасарани, Бенедиктус Хари Джулиаван, Мохамад Шохибуддин, Домингтус Элсид Ли, Антониус Арио Сето Харджана.

Иран:
Рейханех Жавади, Абдулкарим Бастани, Нияеш Долати, Марьян Намизи, Вахид Ленджанзаде.

Жапония:
Сатоми Ямомото, Фума Секигучи, Ютаро Шимокава.

Қазақстан:
Айгүл Забирова, Баян Смағамбет, Әділ Родионов, Ғани Мадиярбеков.

Польша:
Якуб Барщевски, Паулина Домагалска, Адрианна Дроздовска, Лукаш Дулняк, Анна Ганко, Кшиштоф Губански, Кинга Жакиела, Жустина Косинска, Камил Липински, Миколаж Миерзежевски, Каролина Миколажевска-Зажак, Адам Мюллер, Зофия Пенза, Тереза Телезинска, Анна Вандзель, Яшек Зих, Лукаш Жоладек.

Romania:
Косима Ружиниш, Райса-Габриела Замфиреску, Костинел Анюта, Мариа-Лоредана Арсене, Татьяна Кожокарь, Флорина Динка, Андрей Добре, Диана Александра Думитреску, Юлиан Габор, Родика Лизеану, Мадалина Манеа, Михай-Богдан Мариан, Андреа Елена Молдовану, Уна-Елена Негри, Миоара Парашив, Ян Даниель Попа, Сюзана Попа, Диана Прутеану Сас, Иоана Силистрару, Адриана Соходолеану, Андреа Винтила.

Ресей:
Елена Здравомыслова, Анна Кадникова, Ася Воронкова, Любовь Чернышова.

Тайвань:
Джинг Мао Ху.

Түркия:
Гүл Шарбаджиоғлы, Ирмак Эврен.

Медиа кеңесшілер: Густаво Танигутти.

> Осы нөмірде

Редакциядан: Әрі қарай не болмақ? 2

> ӘЛЕМНІҢ ШАРТАРАБЫНАН СҰҚБАТ

Революциядан кейінгі Мысырдың тағдыры: Мона Абазамен сұқбат
Майкл Буравой, АҚШ 4

Шындыққа күмәндану: Люк Болтанскимен сұқбат
Лора Чартэйн және Мэрайн Джин Бойссон, Франция 8

Оңтүстік Африкадағы айрықша институт: Сара Мосоецамен сұқбат
Мишель Уильямс, Оңтүстік Африка 11

Африка-Американдық әйелдерді таныстыру:
Патрициа Хилл Коллинз
Лабинот Кунушевчи, Косово 15

> СИНГАПУР ӘЛЕУМЕТТАНУЫ

Ли Куан Ю – дан соң
Виниета Синха, Сингапур 17

Көпнәсілдіктен кейін
Нұрман Абдулла, Сингапур 19

Меритократиядан кейін
Юен Тео, Сингапур 21

Секуляризмнен кейін
Фрэнсис Хек Ги Лим, Сингапур 23

Жаһандануданнан кейін
Даниэль П.С. Гох, Сингапур 25

> ПОЛЬШАДАҒЫ ЖҮКТІЛІКТІ ТОҚТАТУ ҮШІН КҮРЕС

Либералды емес болашаққа: гендерлік пен жаһандануға қарсы
Агнешка Граф, Польша және Элжбиета Королчук, Швеция 27

Польшадағы репродукциялық құқықты қорғау
Джулия Кубица, Польша 30

> АРНАЙЫ БАҒАНА

ХӘҚ жас әлеуметтанушыларының желісі
Олег Комлик, Израиль 32

Жаһандық Диалогты индонезиялық тілге аудару
Каманто Сунарто, Индонезия 34

Индонезиялық редакция алқасымен таныстыру 35

> Революциядан кейінгі Мысырдың тағдыры:

Мона Абазамен сұқбат

Мона Абаза – Каирдегі Америка университетінің әлеуметтану профессоры. Ол заманауи Мысырдағы Ислам туралы пікірталастар және Малайзия мен Мысырдағы білім:өзгерістегі әлемдер (2002), Заманауи Мысырдағы өзгерістегі тұтыну мәдениеті (2006), Мақталықтарды еске ала отырып (2013) сияқты кітаптармен қоса көптеген басқа еңбектерді жазған танымал зерттеушілердің бірі. Швеция, Сингапур, Германия, Франция, Малайзия, Италия және Нидерланды университеттерінде шақырылған зерттеуші болды. Соңғы жылдары Мысырдағы заманауи саяси өзгерістер туралы жазып жүр, «Жаһандық диалогта» екі мақаласы жарияланды (2012, 4 шығарылым және 2013, 3 шығарылым). Майкл Буравойға берген осы сұқбатында 2011 жылғы 25 қаңтардағы революциядан кейінгі уақыт туралы баяндайды.

Мона Абаза.

МБ: Сіз 25 қаңтар туралы сол кездегі президент Хұсни Мүбәрәктің 30-жылдық билігінің ақырына алып келген «революциялық» оқиға ретінде; ел президенттігіне Мүрсидің сайлануына және қысқа уақытқа созылған исламдық басқаруды орнатқан (2012-2013 жылдар) саяси процестің қозғалысына алып келуші ретінде көп жаздыңыз, соның ішінде «Жаһандық диалог» үшін де (2011). Мүрси 2013 жылдың шілдесінде әскери төңкеріс нәтижесінде биліктен тайдырылды, генерал Әл-Сиси билікті қолына алды және 2014 жылы өзін Мысырдың президенті деп жариялады. 25 қаңтар революциясынан кейінгі аласапыран алты жылды, әсіресе әскерилердің рөлін Сіз қалай бағалайсыз?

МА: 25 қаңтар революциясындағы әскердің қатысуын бағалау Мүбәрәкті құлатуға дейін танктердің көшелерге шығып және Таһрир алаңын қоршап алуынан бастап аса біржақты бола алмайды. Олар қарсылық білдірушілерді Мүбәрәктің баскесерлерінен қорғамақ болыптымыс. Егер қарулы күштер революцияға қатысты бейтарап болып қалу жөнінде Вашингтоннан нұсқау алмаса, Мүбәрәкті биліктен тайдыру туралы ойлау да тіпті мүмкін болмас еді. Егер «халық» пен әскер арасындағы «бауырласу» (1) 2011 жылдың қаңтарының алғашқы күндерінде орын алса, онда әскердің сол кезде мәртебесінің төмендей бастағаны туралы куәлер мен әңгіме көп.

2011 жылы танктер астында ұйықтап жатырған шерушілер немесе әскери танктерге жазылған мазақ сөздер және Мүбәрәкқа қарсы ұрандар, немесе Мүбәрәк құлағаннан кейінгі Таһрир алаңында сарбаздарды сүйіп жатырған кейуаналардың бейнесі бар әлемді шарлап кеткен көріністер есіңізде ме? Дегенмен, біз сол көне әскери танктердің (қандай да болсын қалалық соғысты жүргізуге толық бейімделмеген болуы ықтимал) Масперо көшесіндегі телеорталық ғимаратын қоршап алғанын ұмытпауымыз керек. Мұны 1952 жылы шілдеде король Фарукті құлатқаннан кейін радио хабарларын тарататын бекетті басып алып, әскери төңкерісті жариялаған Азат офицерлерді қайта жаңғырту ретінде түсіндіруге болады.

Осыған қарамастан қарулы күштердің Жоғары кеңеске енуімен әскердің беделі төмендей бастады. Бірақ 2011 жылдың наурызында Таһрир алаңында шерушілерге қарсы әскердің шабуылы және зорлық көрсетуі, шеруші әйелдерді адалдыққа күштеп тексеру жүргізуі, 2011 жылғы қазанда Масперо көшесіндегі жаппай кісі өлтіру, Порт-Саидтағы Ультра Ахли қанды оқиғасы, осыдан кейінгі 2011 жылғы қараша мен желтоқсандағы Мұхаммед Махмуд көшесіндегі күш көрсетулер сияқты оқиғаларға назар аударсақ, әскердің контрреволюцияға бет бұрғанын көреміз.

>>

Кейінірек дарбазамен ауыстырылған Каср әл Айни дуалы. Алаа Авад граффитимен салған. Суретті түсірген Мона Абаза, 2012 жылғы 7 желтоқсан.

Болған жайға көз жүгіртсек, қаңтарда әскердің шерушілер жағында екені ақиқат деген пікірге күмәнмен қараған жөн. Әскердің араласуы бостандық пен демократияға ұмтылысты және тағы басқа да көптеген нәрсеге қолдау көрсету әрекетінің дәрежесі төменірек екенін білдіреді және негізінен Таhрир алаңы Хұсни Мүбәрәк және оның мүмкін мұрагері Гамал Мүбәрәктан, олармен сыбайласқан капиталистерімен қоса құтылудың керемет мүмкіндігі екенін көрсетті, ал осы экономикалық одақтастықтың жүзеге асуы әскердің экономиканың қомақты бөлігін басқару нәтижесі еді. Алайда, Мүрсиді 2013 жылы әскерилердің тығырыққа тығуы, бүгінде «Мұсылман бауырлар» ұйымы ұсынып отырған жаhандық исламдық желілерге қарсы тұратын ұлтшыл батыр ретінде көрсетіліп жүрген Әл-Сиси сияқты тіпті басқа шаруа.

МБ: Ұлтшылдық идеологиясы және оның экономикалық негіздеріне қайта ораламыз дегенде әскерилердің тәртіп орнату ниеті болғаны рас қой?

МА: Шынында, 2011 жылғы қаңтардан кейін әскерилердің жүрмеген жері жоқ, әсіресе, олар қалаларды қайта қалпына келтіру кезінде ерекше байқалды. 2011 жылдан 2014 жылға дейін әскери танктер қала орталығындағы көшелерге біресе шықты, біресе жоғалып кеткені көпшіліктің жадында қалды. Біз шерушілер мен тәртіп сақшылары арасындағы буферлік алаң ретінде салынған бетон қабырғалардың, қауіпсіздік үшін аудандарды толығымен бұғаттап тастаған шектеуші және кедергі келтіруші осы қабырғаларды азаматтардың қиратуының куәсі болдық. Іс насырға шапқанда, қорқыту үшін жоғарыда айналған тікұшақтар көмегімен қаланы вертикал басқарудың куәсі болдық. Бұл - 2011 мен 2013 жылдар аралығында орын алған сансыз шабуыл, шегініс, қаланың шулы орталық көшелерінде тәртіп сақшыларының кісі өлтіруі; есепсіз өлім мен қояншықтың себебі болған тажал көз ашытатын газ; қалада жаңадан құрылған әскериленген топтардың пайда болуы.

Осы қалалық соғыстардың шарықтау шегі 2013 жылғы тамызда «Мұсылман бауырлар» мүшелерін әл-Адавийада жаппай өлтіру болды. Исламшылдардың әскери террорлық шабуылдары санының артуы нәтижесінде қаланың барлық жеріндегі ғимараттар мен елшіліктерді айналдыра (Бағдаттағы жасыл желекті еске түсіреді) үлкен, иілген дуалдарды көтерген «терроризммен соғыс» деп көрсетілген әскери әрекеттерге алып келді. Бүгінгі күні қалалық күнделікті өмірдің тым әскериленген айқын бейнелерін, осының негізінде әскери бақылауды айналып өтетін немесе оған қарсылық көрсетумен байланысты жаңа өмір сүру салтын байқауымызға болады.

МБ: Дегенмен, қалалық өмірдің артып отырған милитарлануының сыртында экономиканы бақылау үшін бәсекемен не болып жатыр?

МА: Зейнеп Әбіл-Магд (2) жұмысының негізгі маңызы да қазіргі экономикаға әскердің қатысуының шешуші рөлін және оның ашық болмауының себептерін көрсетіп берген алғашқы зерттеулердің бірі екендігінде болар. Әбіл-Магдінің айтуынша, қарулы күштер ондаған жылдар бойы экономикаға қаржылық жағынан тартылды, осылайша Мысыр экономикасының 25 тен 40% дейінгі бөлігін бақылады. Бұл аса ірі жобаларды, тамақ өнеркәсібіндегі және сусындар өндіретін ірі зауыттарды, кафетерийлер мен май құю бекеттерінің жұмысын қамтыды. Атап өткенімдей, осы жағдай Мүбәрәкті және оның ұлы мен оларды жақтайтын капиталистік топтарды құлатуды әскердің неге қолдағанын түсіндіреді, әскер сол кездің өзінде-ақ бәсекелесуші қарсы элита болған.

Алайда, бәрінен бұрын әскерилер коммерциялық мақсатта

>>

Каирдегі Американдық университет кіреберісінің қарсысында жақын арада салынған имек дуал. Суретті түсірген Мона Абаза, 2015 жылғы 21 қыркүйек.

кез келген жерді алуға мүмкіндік беретін заңның арқасында орасан зор жылжымайтын мүлікті иемденіп кетті. Әсіресе, әскердің пайдалы қаржылық қитұрқылықтарды жүзеге асырып, бірлескен кәсіпорындарды құру арқылы шөлдегі ірі жобаларға қатысуы мысал бола алады. Бұл шейх Зедпен бірлесе Абу-Дабида 16 000 акрдан астам жерді иеленіп, енді жаңа астаналық қаланың құрылысын басқарып отырған Әскери Агенттіктің жер жобалары туралы мәлімдеген Мада Маср есебінен кейін белгілі болды (3). Бір жыл бұрын әл-Сиси әскерилер Әмірліктердің Arabtec кампаниясымен бірге 40 млрд доллар тұратын бірлескен тұрғын үй бағдарламасына қатысатынын жариялаған еді (4). Сол уақытта Cairobserver Қорғаныс Министрлігі 2014 жылы БАӘ тіркелген Эмар мега-компаниясымен Каир қаласының жоғары бөлігінде Tahрир алаңын Дубайдың неолибералдық, нарықтық бағытына қарсы қоя отырып, үлкен сауда орталығы бар кең Эмар алаңының құрылысы жөнінде келісімге қол қойғанын хабарлады.

Міне, өз мәмілелері туралы жақ ашпастан ауқымды жер нарығын бақылап отырған әскері бар авторитарлық әскери биліктің нарықтық экономика туралы арманы осындай (5). Әлбетте, бұл неолибералды бағыттағы нарық экономикасының авторитарлық милитаризммен қоян қолтық жұмыс жасауының алғашқы мысалы емес.

МБ: Сіз экономикалық элиталар үшін генерал әл-Сисидің билік басына келуінің мәнін сипаттадыңыз. Бірақ бұл халықтың қалған басқа бөлігі, әсіресе араб көктемінде анағұрлым белгілі болған және Сіз олар туралы өте көп жазған, «көше» үшін мұның мәні неде еді?

МА: 2012-2013 жылдары Мүрсидің басшылығындағы исламшылдар билік құрған қысқа уақыттан кейін, көшені әскердің жаулап алуы көпшілік үшін «тәртіпке келтіру» болды, бірақ ол көне биліктің саяси тұлғалары мен қаржылық магнаттарды қалпына келтіру еді. 2011 жылғы қаңтардан кейін көшелер баскесерлердің үстемдігі (тіпті бұл ескі биліктің баскесерлері болса да) мен қылмыс пен зорлық-зомбылықтың куәсі болды. Мыңдаған көше саудагерлері көше қозғалысына кедергі жасай отырып, ақылға қонымды және қонымсыз кеңістікті жаулап алды, көшелерде басынан аяғына дейін, көпірлердің астындағы жерлерде, қаланың барлық өткелдері мен қалтарыстарында толып тұрды - осының барлығы орта тап үшін адам сенгісіз тәртіпсіздіктің белгісі еді. Көшедегі сауданың өріс алуы миллиондаған адамдардың, соның ішінде жоғары оқу орындары түлектерінің, кедейленуіне жол беріп, нәтижесінде көшедегі сауданы өмір сүрудің жалғыз ғана мүмкіндігіне айналдырған көп жылғы сәтсіз неолибералды саясаттың салдарын бізге көрсетіп тұр.

Әл-Сиси қаланы қалпына келтіруді қала орталығын «тазалау» үшін бейресми секторда өлместің күнін кешіп жүрген бес миллионға жуық адамды құрайтын көшеде сауда жасаушыларды күшпен қуған ауқымды шарадан бастады.

МБ: Осылайша, әскерилер көшеде бақылауды қалпына келтірді және бұл биліктің жағымсыз түрі, бірақ әл-Сиси әскери билікті қоғамның қолдауын сақтай алды ма?

МА: Батыс сарапшыларының пікірлеріне қарамастан, әл-Сиси президент болмай тұрып-ақ елде «тәртіп» пен тұрақтылықты қалпына келтіру идеясымен танымалдыққа ие болды. Биліктің Суэц каналы жобасы үшін акциялар мен облигацияларды алуға азаматтарды қатыстыруының сәтті жүзеге асырылуын басқаша қалай түсіндіруге болады? Бірнеше аптада жергілікті инвесторлардан 8,5 млрд долларға жуық қаражат түсті. Осыған қарағанда,

>>

әл-Сисидің ұлтшылдық пернелерінде ойнау қабілеті аса тиімді сияқты (6).

Дэвид Харви 1852 жылдан 1870 жылға дейін билік құрған Луи Наполеон Бонапарт – Наполеон III үшін Парижді қалпына келтіру қаланы капиталистік ассигнациялау арқылы қосымша құн алуға тәуелді болғанын есімізге салады (7). Наполеоннің Парижді қалпына келтіруі деспотизм және құқықтарды шектеумен қатар жүрді - әл-Сисидің билігімен қатты ұқсас. Екі билік те аса ірі инфрақұрылымдық жобалар ықпалында болды. Екеуі де Суэц каналын ұлттық жоба деп жариялады. Наполеон каналдың ашылуын қаржыландырды, ал әл-Сиси болса қазір оны ұлғайту үшін жұмыс жасап отыр. «Қалпына келтірулердің» ұқсастықтары бар: екеуі де қаланың капиталистік ресурстарын игеру үшін инфрақұрылымды кеңейту маңызды мәнге ие деп мойындайды. Мысалы, Мысыр әскері провинциялық қалалар арасындағы және Каир маңындағы автомагистралдар мен көпірлердің құрылысына тым жиі жұмылдырылады.

МБ: Өте қызық салыстыру, дегенмен егер Мысырға тән ішкі тарихи салыстыру туралы айтсақ, онда әл-Сиси мен Насердің ұлтшыл жобалары арасындағы ұқсастықтар қандай?

МА: Шынында, 2013 жылы әскер Мүрсиді орнынан тайдырғанда, әл-Сисиді Гамал Әбдел Насермен жиі салыстыратын, қауіпті күш деп саналатын Мұсылман Бауырларының исламшыл халықаралық желісінен (терроршыл желі болуы мүмкін) әл-Сисидің айырмашылығы – ұлтшылдық аясындағы әңгіменің дамуы үшін көп нәрсе жасағаны. Жуырда, 2015 жылғы тамыз айында болған «Жаңа Суэц каналының» ашылуында әл-Сиси тағы да ұлтшылдық белгілерін пайдаланды. Салтанатты ашқан флотилия – тақтан тайдырылған король отбасына тиесілі, 1869 жылы Суэц каналы алғаш рет ашылған кезде император әйел Евгенияны алып жүрген флотилия еді. Салтанат неолибералдық көңіл-күйге меңзейтін, космополиттік мәдениетке жақын, аса ірі инфрақұрылымдық жобалардың ұлттық мақтанышқа ұмтылыс ретінде қабылдануы әбден мүмкін. 2015 жылы шетелдік қонақтар арасында президент Франсуа Олландқа деген ықыластың ерекше зор болуы Франциямен тарихи сабақтастықты білдіреді. 1956 жылы Насердің Суэц каналын мемлекет меншігіне алғаны туралы іс жүзінде ауызға алмау да қызық жәйт.

МБ: Сіздің мегажобалардың ұлтшылдық көңіл-күйді көрсететіні туралы айтқаныңыз өте жақсы, бірақ күнделікті өмірдегі ұлтшылдыққа қатысты басқару қандай? Мен сіздің қала архитектурасымен айналысатыныңызды білемін, осы салада не өзгерді?

МА: Бұл жерде бұрынғы ұлтшылдықпен байланысты өзгерістерді көре аламыз. 19 және 20 ғасырлардың ортасындағы Керемет Дәуірде салынған қаланың орталығындағы ғимараттардың қасбеттерін ақтау арқылы қаланың бетіне косметикалық сылап-сипау жүргізілген, мысалы, Талаат Харб алаңын қоршап тұрған ғимараттар Мүбәрәк дәуіріне сәйкес қалпына келтірілген (8). Үлкен Ораби алаңы жаяу жүретін орынға айналдырылған, алайда билік Шерифейн көшесіндегі көптеген танымал кафелерді жабуды тоқтатқан жоқ. Мұны ұлттың ұлылығы сезімін күшейту үшін жасалған популистік қадам деп бағалауға болар еді, дегенмен бұл - ең алдымен, көшенің «тапсырысы».

МБ: Және осы популистік қозғалыстардың артында экономикалық мүдделер жасырынып тұр ғой?

МА: Иә, қала орталығын қайта құруда пайдакүнемдік мүдделер бар екені анық, капиталистер мен олигархтарды онда орналасқан тарихи ғимараттар орталықты иемдену және оның қосымша құнын тағайындау мақсатында қызықтырады. Әл исмаили жылжымайтын мүлік Агенттігі Каирдың орталығынан 1916 жылы салынған Арт Деко Гариб Моркос, 1924 жылғы Кодак, 1920-жылдары салынған Дэвис Брайан мен Әбдел Халек Рауат үйлері, сонымен қатар 1930-жылдары тұрғызылған кино-радио бекеттері сияқты көптеген тарихи ғимараттарды сатып алған (9). Кодак ғимараты, сонымен қатар еврей синагогасы айналасындағы жаяу жүретін аймақ түсініксіздеу әдіспен жөнделген.

МБ: Осылайша, ұлтшылдық жобалар экономикалық мүдделерді жасырып тұр, алайда әл-Сиси популизмінің басқа, көрінбейтін мүддесі қандай?

МА: Шынында, «тәртіп» пен тұрақтылықты қайтару туралы дискурс адам құқықтарын бұзу, бұқаралық қамау және абақтыға жабу, сонымен қатар белсенділердің жоғалып кетуіне деген қауіптерді басып тастады. Мұның бәріне, алғашқы жылдарға қарағанда ықылас төмендеу сияқты. Дегенмен, күрделі экономикалық дағдарыс, ресми топтардың арасындағы жүйелі сыбайластық және полиция тарапынан жүргізіліп отырған репрессиялар шешуші мәселе болып қалып отыр, ешқандай революция тіпті болмағандай. Күні бүгінге дейін үндемейтін көпшіліктің артып келе жатқан наразылығы басқа әлеуметтік дүмпуге алып келуі мүмкін, әскерге қарсы ықтимал көтерілістегі адам өмірінің бағасы өте жоғары болатыны сөзсіз, себебі ол әрі қарай зорлық зомбылыққа ұласады. ■

Хаттарды Мона Абазаға <mona.abaza@gmail.com> жолдауға болады.

[1] Қараңыз Ketchley, N. (2014) "The people and the army are one hand!" *Comparative Studies in Society and History* 56(1): 155-186.

[2] Abul-Magd, Z. (2016) "The Army and the Economy in Egypt." Midan Masr, August 7, 2016, http://www.midanmasr.com/en/article.aspx?ArticleID=222

[3] Sawaf, L. (2016) "The Armed Forces and Egypt's Land." Mada Masr, April 26, 2016, http://www.madamasr.com/en/2016/04/26/feature/economy/the-armed-forces-and-egypts-land/

[4] Saba, J. (2014) "The military and the state: The role of the armed forces in post-30 June Egypt." September 27, 2014, http://www.dailynewsegypt.com/2014/09/27/military-state-role-armed-forces-post-30-june-egypt/

[5] "From Tahrir Square to Emaar Square," Cairobserver, February 23, 2014, http://cairobserver.com/post/77533681187/from-tahrir-square-to-emaar-square#.WHN1ptLhCM8

[6] Oakford, S. (2014) "Egypt's Expansion of the Suez Canal Could Ruin the Mediterranean Sea," October 9, 2014, https://news.vice.com/article/egypts-expansion-of-the-suez-canal-could-ruin-the-mediterranean-sea (2016 жылғы 2 желтоқсандағы мәлімет).

[7] Abaza, M. (2014) "Post January Revolution Cairo: Urban Wars and the Reshaping of Public Space." Theory, Culture & Society, 2014 жылы 30 қыркүйекте онлайн жарияланған.

[8] Сонда.

[9] http://al-ismaelia.com/buildings/, 2016 жылғы 2 желтоқсандағы мәлімет.

> Шындыққа күмәндану:

Люк Болтанскимен сұқбат

Люк Болтански – бүгінгі күннің ең мәртебелі әлеуметтанушыларының бірі. Кезінде Пьер Бурдьемен әріптес болған ол қазір Париждегі Әлеуметтік ғылымдар саласындағы жоғары мектебіндегі зерттеулер жетекшісі (EHESS). 1990 жылдары Ив Чиэпелломен бірге жазған кең тараған *Le nouvel esprit du capitalisme* атты француз тіліндегі кітабында капитализм ұйымдары мен олардың басымдылығының жаңа формаларын зерттеген. Кейін оның зерттеулері сынау әрекетін зерттеу мен мемлекет әлеуметтануына ойысты. 2009 жылғы *De la Critique* 2011 жылы *On Critique* ағылшын басылымындағы оның институттар мен шынайы өмірдің өзара байланысы туралы пайымдауы өзгерген. 2012 жылы XIX ғасырдан бергі детектив шығармалардың шығуы және таралуы туралы *Énigmes et complots* атты кітап жариялады.

Сұқбат алушылар **Лора Чартэйн** және **Мэрайн Джин Бойссон** EHESS (Париж, Франция) докторанттары. Олардың зерттеу қызығушылықтары Болтанскидің *Énigmes et complots* кітабындағы әлеуметтанушының әлеуметтік институттарды тексеріп сынау барысына негізделген. Төмендегі мәтін Global Express-те жарияланған сұқбаттың толық нұсқасынан үзінді.

Люк Болтански.

ЛЧ және МДБ: Детектив шығармалармен айналысу туралы ой қайдан пайда болды?

ЛБ: Негізі, өзім детективке қатты қызықпаймын. Өзгелер сияқты оны ұйқым келмеген кезде ұйықтау үшін оқитынмын. Бірақ, әрдайым қызық бола бермейтін, көбіне қоғамның консервативті көрінісін сипаттайтын әдеби жанрдың осы түрі неге соншалықты кең тарағанын түсінгім келді. Шын мәнісінде, ол нарративті жұмыс кітабы, көркем фильм және телесериал формасында жиі тараған негізгі жанрына айналды. Ол мен үшін шынымен де қызықты болды.

Ізденумен байланысты өз мансабыммен қатар, өмірбаяндық деңгейде балам да репортер болғандықтан тергеу-ізеустіру жұмыстарының түрлерін зерттегім келді. Осы кітапты жазу барысында Николя Саркози президент еді және ол уақытта «саяси жанжал», «тергеу ісі» Францияда белең алып жатқан болатын. Осы істер және саяси жанжалдар тергеу жұмыстары мен қарсы тергеуге ұласып жатты. Өзімнен тергеу не себепті батыс әлемінде соншалықты маңызды рөлге ие болды деп сұрадым. Осы сұрақ мені әртүрлі тергеулер арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтар және олардың жүзеге асу жолдарын зерттеуге жетеледі.

ЛЧ және МДБ: детектив шығармалардың генезисін зерттегіңіз келген шығар?

ЛБ: Бұл – Дюркгеймдік ескі әдіс немесе «археологиялық» деп аталатын Фуколық әдіс. Біз құбылысты Пьер Бурдье танытқан «далалық әсер» арқылы мүлдем басқа нәрсеге айналмас бұрын, түпкі мағынасын қамтығанда жақсырақ түсінеміз. Алдымен жаңа жанр пайда болып, сосын түрлі рәсімдер жаңарады және осы салада бір бірінен ерекшеленуге тырысады. Осылайша, жанрлар жаңарып отырады. Бір ғасырдан сәл ғана көп уақыт ішінде детектив және шпиондар туралы шығармалар стилдерінің саны артты. Осы жанрдың шыққан уақытына қайта оралуға тырыстым. Квази құрылымдық әдісті детектив шығармаларды зерттеуде қолданып, осы жанр пайда

>>

болған уақыттың тарихи ерекшеліктерін анықтағым келді. Бірақ мен бұл кітапты жауаптар емес, керісінше проблемалар жиыны деп білем.

LC & MJB: Énigmes et complots-та сіз өздері күнделікті өмірде бастарынан кешетін «өмір» мен институттар құрастыратын «шындық» арасындағы бос кеңістікті байқағанда тергеу-іздестіруді әлеуметтік акторлардың өздері-ақ жүргізе алады деген ойды өрбіткенсіз. Осы бос кеңістік кейін акторлар арасында күмән, келіспеушілік және пікірталастар тудырады. Осы кітапта «энигма шынайы нақтылықты бұзуға қауқарлы қоғамдық тәртіп операциясында көрінетін нәрседен тұрады» деп көрсеткенсіз.

ЛБ: Шындығында, энигма Эдгар Алан По дәстүріндегі детективті шығармаларға тән. Гештальт психологитар да тұрақты әрі айқынды бұзудан туындайтын энигманы осы тұрғыдан қарау идеясын қарастырған. Кітаптың тұжырымдық негізі *De la Critique* кітабымда бейнеленген шындық пен әлем арасын ажыратуға сүйенеді. Бұл ажырату менің жұмысымда аса маңызды болып табылады. Қысқасы, шынайы нақтылық институт тарапынан құрылған тұрақты тәртіпке байланысты, ал әлем әлеуметтік актордың күнделікті болжамсыз тәжірибесінде пайда болатын барлық нәрселерге байланысты болғандықтан шындыққа күмән тудырады.

Мұндай ажырату мақсаты нақтылықты әлеуметтік құрастыру парадигмасынан туындайтын белгілі бір сұрақтарға жауап беруге бағытталған. Бұл мәселе Ян Хокиннің танымал *The Social Construction of What?* кітабында сипатталған. Егер барлық нәрсе құрылымдалып қойылған болса, қалай және қай көзқарас тұрғысынан осы құрылымдарды қарастыра аламыз? Факт әрдайым «әлеуметтік құрылымдалады» деген анықтамадан шығатын қайта құрылымдау және құрылымдауға әкеп соқпай ма? Осы тұрғыдан қарау әлеуметтанушының жұмысына сәтсіздік әкелетін жалпы релятивизмге жетелемей ме? Сондықтан, мен шындықты әлеуметтік құрылымдау идесын әлеуметтік институттың шындықты қалыптастыру жолын мұқият бақылай отырып, шындап қабылдағым келді. Әлем мен шындықтың арасын ажырату арқылы біз шындық құрылымын әлемде орнатылған тәжірибеден айыруға көмектесетін сілтеме нүктесін анықтауға мүмкіндік береді. сондықтан, Шотландық ағарту, Мур және кейбір тұста, тіпті Шюцтің мұрасындағы "саналы ой" теориясынан арылған жөн.

Анықталмаған белгісіз әрекет тұжырымынан бастаған дұрыс. Бірақ, әрине, біздің тәжірибелеріміз де шындық құрылымның маңызды бөлігі. Оған қарапайым мысал, сіз автобус күткенде оны әр 15 минут сайын келеді деп ойлауыңыз шындық форматында бекітілген тәжірибе болып табылады. Аялдама, қоғамдық көлікті үйлестіруші компания және аялдамаларды салып, олардың кестесін бекітетін жергілікті орган қызмет атқарады, дегенмен әлемдегі әртүрлі белгісіз себептердің нәтижесінде автобус уақытында келмеуі мүмкін. Біздің тәжірибелеріміздің басым бөлігі әлемнің де бір бөлігі болып табылады және белгісіздігімен сипатталады. Мұндай тәжірибелерді анықтау оңай емес.

Институттар тарапынан анықталған әрекеттер шеңберін сипаттап, жалпылау оңай, себебі олар жазбаша түрде нақтыланып, есеп-қисапқа бейімделген. Ал, әлем анықталмаған, белгісіз, өзгермелі және әртекті болғандықтан, жалпылауға келмейді. Сондықтан, біз әлеуметтік акторлардың институттар арқылы қалыптасқан шындық форматтарымен қалай беттесіп, оларды қалай сынауын, олар туралы қалай пікіталастыратындығын және жаңа форматтарды қалай жасайтындығын сипаттай аламыз. Сын, басқаша айтқанда, тәжірибенің осы жанрын түсіндіруге көмектеседі.

Сондықтан, шындықты құрастырудың осындай белгісіздікті азайтуға бағытталған әлеуметтік құрылғыларды орнататын әлеуметтік институттармен байланысын қарастырғым келді. *Énigmes et complots*-та мен арнайы Еуропалық ұлт жобасын, әсіресе XIX ғасырдың екінші жартысындағы олардың заңға (полициялық құрылғылар), әлеуметтік және жаратылыс ғылымдарына сүйене отырып, шындықты іс жүзінде құрастыру немесе бейберекет әрекетті болжамды етуге ұмтылған демократиялық формаларын қарастырдым. Бұл ойдың басым бөлігі Фуконың биосаясат туралы жазбаларынан туындаған.

Өзіме жақсы ұнайтын тағы бір мысал келтірейін. Менің бір досым біз жас болған 70-жылдары шынайы солшыл әрі феминист болды. Ол азшыл топтардан шыққан өзге әйелдер мен еркектермен бірге ультрасолшыл қозғалыс қатарында болды. Бір күні қыздар өздеріне көңіл аударып, күнде конверт жабыстырып отыратын, кофе және т.б. жасайтын адамдар өздері, яғни әйелдер екенін сезінді. Сосын олар не істеді? Жігіттерді шығарып жіберіп, өздері бір бөлмеде оңаша қалып бір тәулік бойы пікірлесті. Бұл Франциядағы феминизмнің дүниеге келуінің айтулы сәті! Оның алдында олардың талдау, психология төңірегінде тәжірибелері бар еді, сонда да феминизм қарапайым нәрседен пайда болды. Менің ойымша бұл қозғалыс білім алу, яғни әлеуметтану, психоанализ, кәсіподақ әрекеттері (кез келген тәжірибені үйреніп оны басқаларға таратуға тырысу) нәтижесінде пайда болды.

ЛЧ және МДБ: Әлеуметтанушылар акторлар тәжірибесін қалай қарастырады?

ЛБ: Объективтілікті сақтау мақсатында әлеуметтанушылар сипаттау құралдарын сілтеме нүктесімен байланыстыруы шарт. Соның арқасында біз шындыққа сыни тұрғыдан қарай аламыз. Бұл нақты бір моральге байланыстырыла алмайды, себебі оның орнына айтылған сыни сілтеме нүктелер, *De la Critique*-те көрсеткенімдей, белгілі бір әмбебаптықты талап етуі қажет. Оның бір шешімі – акторлардың сынау үрдісінде пайда болады. Аталмыш акторлар - реалистер. Олар әр жағдайда әртүрлі нәрсені айтып, түрлі контекстіні өз пайдасына айналдыра алатындай әрекет ететін жағдайларды назарға алады. Сондықтан, жұмысшы бастығына жағымды болып, үйге

>>

барған соң оны әбден сынауы мүмкін.

Менің ойымша, адамдар әлемді өздері құрастыратын жолды, яғни әлеуметтік құрастыру үрдісін ұстануымыз қажет. Әсілінде әрбір тәжірибе ерекше болып табылады, әлемде ерекше жағдайлардан басқа ештеңе жоқ. Адамдар бұл тәжірибелерді өзгелермен бөлісу үшін оларға балама тауып, оған тиесілі тілді анықтап, оларды талаптарға айналдырып, ұсыныстар мен талаптар, шындық модификациясы мен шындық форматтарын құруға талпынады. Біліктендіру және сынау барысымен қатар шындықтың түрлі элементтерінің құрастырылуы мен қайта құрастырылуының жолын мүмкіндігінше жіті ұстану өте қызықты процесс. Оларды шығармаларды оқу, сұхбат жүргізу және келіспеушіліктерді бақылау арқылы қадағалай аласыз. Әлеуметтанулық жұмыс шындықты құрастыру, қайта құрастыру және оның жаңа форматтарын орнатуын қадағалап отыруы тиіс.

ЛЧ және МДБ: Әлеуметтанушылар сүйеніп отырған құрылымды талдауға талпыну үшін акторлар мен институттардың іс жоспарынан алшақтап, тереңірек қарауы тиіс деп ойлайсыз ба?

ЛБ: Қазіргі ойым бойынша, толығымен прагматикалық, толығымен жағдаятты талдаумен айналысатын әлеуметтанумен шұғылдану мүмкін емес. Бұл жерде оны акторлардың өздері істемейді. Олардың қоршаған өмірі индивид ретінде өздері толық қадағалай алмайтын шешімдерге және ненің не екенін нұсқайтын институттарға тәуелді. Бірақ, олар өз мақсатына институттардың шындықты құрастыру жолдарына әрдайым қауіп төндіретін қарама-қайшылықтарды пайдалана алады. Алдында автобус туралы келтірген мысалым сияқты, олар автобус уақытында келуі керек болғанымен, ол іс жүзінде ешқашан ондай болмайтындығын көрсете алады.

Шындық форматын жасауды сынау үшін әлеуметтанушылар белгілі бір моралдық талаптарды емес, керісінше, ондай талаптарды сынап, анағұрлым әділ форматтарды орнатуға талпынатын әлеуметтік акторлардың әрекеттерін қарастырады. Дегенмен, әлеуметтанушылар шындықтың жаңа форматтарын орнатуға талаптанған әлеуметтік акторлардың әрекеттерін қадағалаудан да тереңірек мақсаттарға ұмтыла алады. Олар акторлар тәжірибесін тұрақтандыратын жалпылау құралдарын пайдалануы керек. Олар аталмыш жұмыс түрінің сипаттамасын нормативті пікірлермен байланыстырудан тұратын өте күрделі операцияны жүзеге асырулары керек. On Critique кітабымда мен ондай операциялардың әлеуметтану тарихында қолданылған түрлі жолдарын бейнеледім.

Менің тезисімді «гипотеза» деп атау қиын, себебі оны эмпириялық тұрғыдан дәлелдеу оңай емес. Шындықты тұрақтандыру ұлттық мемлекет идеясы шеңберінде капитализмнің дамуымен байланысты ағындар тарапынан тұрақты бұзылып отырғанда сәтті жүзеге асады деп ойламаймын. Аталмыш ағындар территория мен халық шеңберінде шындықты біртектілеуге бағытталған әрекеттерге қауіп төндіреді. Көптеген зерттеулер, әсіресе шекараларды қайта жандандыру, бірегейлік және лингвистикалық біртектендіру мәселелері төңірегінде еңбек етіп жүрген Жерар Нойриелдің еңбектерінде теорриториялар мен халықтарды бірегейлендірудегі мемлекеттің ықпалы сарапталған. Францияда Жак Ревел, Доминик Жулия, Мишель де Серто айтулы зерттеуі осы тақырыпқа 30 жыл бұрын арналған еді. Аталмыш зерттеу кейбір тұстары бойынша Делездің территория мен ағындар арасындағы оппозициясына қатысты Капитализм қызметінің әсерінен ағындар ұлттық мемлекет жобалары үнемі тұрақсызданып отырады. Детектив не шпиондар туралы шығармалар туындайтын әлеуметтік контексте, шындықты құрастыруға құлықты әрі мүмкіндігі жететін, ең алдымен осы ұлттық мемлекет болып табылады.

ЛЧ және МДБ: Осы тұжырымды құру және тұрақсыздандыруды түсінуге мүмкіндік беретін жалпылаудың жаңа жолдарын табу үшін әлеуметтанушы ұлттық мемлекет идеясының шеңберінен шығуы керек пе?

ЛБ: Шын мәнісінде, иә. ұлттық мемлекетті орнатуға қатысты неге детектив шығармалардың тарихына қызықтым? Неге менің осыны жүзеге асыруға шамам жетті? Менің бұған шамам жеткені - тұжырым қазір күрделі дағдарыс үстінде. Сондай-ақ, оны сырттай сипаттау қиын болса да бұл жүйені сырттай бақылай аламыз. Ойлау тәжірибеміз арқылы, жоқ дегенде ұлттық және мемлекеттік жүйелердің шеңберінен шыға аламыз. Менің ойымша бүгінде әлеуметтанушылар үшін негізгі мәселе – Франциядағы әлеуметтану архитектурасы, тіпті Франциядан басқа жердегі болуы мүмкін, ол 19 ғасыр соңындағы ұлттық мемлекеттің қалыптасуына байланысты. Сондықтан біз Ағылшын әлеуметтануы, Неміс әлеуметтануы, Француз әлеуметтануы дегенді кездестіреміз. Бұл жүйенің қазіргі кездегі трансформациясы болып жатқанын ескере отырып, әлеуметтанудың көптеген құралдары жарамсыз болып отыр және шындықты сынап, тұрақтандыруды ұлттық шекараға қарамастан түсіну үшін қайта өзгеруі қажет. Әлеуметтанулық қызметті мойындарыңа алсаңдар, осы нәрсемен айналысуларың қажет. ■

Хаттарды Люк Болтански <boltansk@ehess.fr>,
Лора Чартэйн, <laurachartain@gmail.com>
және Мэрайн Джин Бойссонға <boisson.marine@hotmail.fr> жолдауға болады.

> Оңтүстік Африкадағы айырықша институт

Сара Мосоецамен сұқбат

Сара Мосоеца.

Оңтүстік Африка университеттері апартеид мұрасын еңсеруде талай қиындыққа тап болды. #RhodesMustFall and #FeesMustFall студенттік қозғалыстарының салдары қаншалықты терең әрі күрделі болатындығын білеміз, бірақ ол Африка жоғары білім беруіндегі жаңа эксперименттердің назарынан тыс қалмауы тиіс. Осылардың арасында Ұлттық гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар институтының (NIHSS) шоқтығы биік. Қарқыны мен амбициясы бойынша NIHSS Африка континентінде ерекше болып отыр. Жоғары білім беру және даярлық департаменті тарапынан қаржыландырылатын институт жүздеген PhD студенттерін оқыту, халықтың барлық жіктеріне маңызды стипендияны жеткізу және Оңтүстік Африкада өткені және болашағы туралы диалогтарды өрбіту арқылы университеттердің оқытушылар құрамының келесі ұрпағын даярлауда. Институтты Уитуатерсранд университетінің әлеуметтану профессоры **Сара Мосоеца** басқарады. Ол *Eating from One Pot* (2012) атты зауыттарын жаппай жабылуы жағдайындағы отбасылардың күн көру стратегиясы сипаттамасының авторы. Уитуатерсранд университетіндегі әріптесі **Мишель Уильямс** берген сұқбатында NIHSS қиындықтары мен жетістіктері туралы баяндайды.

МУ: NIHSS туралы айтыңызшы?

СМ: Сыни контексттен бастауға рұқсат етіңіз. 2010 жылы профессор Ари Ситас және Жоғары білім және кәсіби даярлық департаментінің (DHET) министрі доктор Бонгинкоси Нзиманде жоғары білім беру жүйесіндегі гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдардың (HSS) қазіргі жағдайын зерттеу үшін екі кісілік жұмыс тобын құру мақсатында келген болатын. Министр гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдардың STEM-ге [ғылым, технология, инжинерия және математика] қарағанда дәрежесі төмен болып тұрғанына алаңдаушылық білдірді. Ұққаным, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар ұлттық трансформацияда алдыңғы қатарда болған жоқ. Жұмыс тобының мандаты өте кең бола отырып, ел арасындағы академиктермен жүргізілген әңгімелерге құрылған дерек табу қажет болды. Профессор Ситас директор болды да,

>>

мен көмекші ретінде қызмет атқардым.

Министрліктің жұмыс тобы ретінде барлық университеттерде болып, академик, декан, кафедра жетекшілерімен гуманитарлық және әлеуметтік ғылым туралы әңгіме қылдық. Біздің нәтижелеріміз айтарлықтай болды. Жаратылыстану ғылымдары маңызды болғанымен, олардың өсімі гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар есебінен жүзеге асты. Жоғары білім екіге қақ айрылғаны белгілі болды. Сондай-ақ, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар саласындағы жетістіктерге куә болдық.

МУ: Сонда бұл институттың бастамасы болды ма?

СМ: Иә. «Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар жарғысы» атты баяндама дайындадық. Онда гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдардың негізгі мәселелері суреттеліп, оны қалай қайта жандандыруға болатындығы сипатталды. Жарғы Ұлттық гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар институтын (NIHSS) құруды ұсынған болатын. Министр Жарғыны қолдап, тез арада NIHSS-ті құруға кірістік те, 2013 жылдың желтоқсанынан бастап институт ресми түрде жұмыс істей бастады. Кеңес құрылғаннан кейін менен 2014 жылы бас директор міндетін атқарушы болуымды өтінді. Содан кейін Кеңеспен бірге институтты жоспарлап, негізгі бағдарламаларға қатысты шешімдер шығаруға қатыса бастадым.

МУ: NIHSS-тің түрлі бағдарламалары бар екенін білемін. Олар туралы айтып бере аласыз ба?

СМ: Онда жеті негізгі бағдарлама бар. Институтымыздың өзегі болып табылатын докторлық бағдарламадан бастайын. Жыл сайын PhD-ға тіркелген Оңтүстік Африкалық азаматтарға 150 үш жылдық шәкіртақы ұсынамыз. Шәкіртақыға иеленгеннен кейін Оңтүстік Африканың барлық университеттері гуманитарлық ғылым институттарының декандарымен тығыз жұмыс жасаймыз. Декандар шәкіртақыға үміткерлер тізімін, яғни қай студенттерді қаржыландыруға ниетті екендігін (ішкі іріктеу саясаты мен ішкі қағидаларына негізделе отырып) ұсынады. NIHSS декандар жіберген тізімдегі студенттерді қаржыландырады. Бұл - барлық университет студенттерінен зерттеу ұсыныстарын жинаудан басталатын ашық үрдіс. Иегерлердің 80 қара нәсілді оңтүстік африкалықтар және 60 әйел. 2016 жылдың аяғына дейін барлығы 451 PhD шәкіртақысы тағайындалды. Сонымен қатар, оңтүстік африкалық емес, бірақ Африка континентінің азаматтарына 111 шәкіртақы тағайындалды.

МУ: Қызық екен. Сонда сіздер Африканың басқа жерлерінен келген студенттерді де қаржыландырасыздар ма?

СМ: Иә, бізде континент бойынша ең көп шәкіртақы ұсынып отырған Африкалық даярлық бағдарламасы (APP) бар. APP шеңберінде жыл сайын 37 үш жылдық шәкіртақы ұсынамыз. Негізгі ойымыз-континентіміздің өзге де мүшелерін тарта отырып, NIHSS-ті дамытып, онда өсу мүмкіндігін алу және өзгелерге үлгі болу. Негізгі қалағанымыз тарихи мұра шеңберінен шығып, континенталдық әріптестерімізбен серіктестік орнату болатын.

МУ: Осы серіктестік төңірегінде көбірек айта аласыз ба?

СМ: Әлі бұғанасы қатпаған институт ретінде біз континенттегі басқа да бірлестіктермен (олардың көпшілігі NIHSS сияқты тәжірибені көрмеген) жұмыс істегіміз келді. Осылайша, континентте студенттерді таңдау және ортақ қызмет атқару мақсатында серіктес ретінде Африкадағы әлеуметтік зерттеулерді дамыту кеңесін (CODESRIA) анықтадық. Серіктестік гүлдену үстінде.

Сондай-ақ, NIHSS Африка ұтқырлық бағдарламасына APM бастамашы болды. Бұл Еуропалық «Erasmus Mundus» бағдарламасына еліктеу, бірақ APM Африка аумағына бағытталды. Аталмыш бастама қызметкерлер мен студенттерді континенттің түкпір-түкпіріне жаңа зерттеу тақырыбын зерттеу үшін ынталандырады. Зерттеу сапарларын жаңа контент дайындау, ғылыми-зеттеу жүйесін қалыптастыру және оқыту мен ғылыми ынтымақтастықты жетілдіру мақсатында қаржыландырамыз.

МУ: Оңтүстік Африкаға оралсақ, соншама PhD студенттерін табу қиын болды ма?

СМ: Жақсы сұрақ. Шын мәнісінде, алғашқы екі жылда (2013-2015) қаржыландыруды қажет ететін стутенттердің барын көрсету қажеттілігі туды, сосын оларды қаржыландыру жүйесіне қоса алатын едік. Қазір біздің назарымыз студенттердің сапасы мен олардың өз дәрежелерін ала алуына ауысты. Оңтүстік Африкалық студенттердің халықаралық бағдарламаларымыздағы студенттер сияқты 50% ғана философия докторы дәрежесін алып жатыр. Сапалы жетекшілік ете отырып және тек жетік орындалған жұмысты ғана қорғауға жіберу арқылы сапаны арттырудамыз.

МУ: Айтқаныңыз маңызды сияқты, жетекшілік туралы сөз ете аласыз ба?

СМ: Жиырма бір қызмет атқарушы және зейнеткер профессорлар әртүрлі провинцияларда студенттермен жұмыс істеу үшін тағайындалды. Мысалы, Батыс Кэйпте аймақтық докторлық мектеп үшін екі жетекшіні тағайындадық. Жетекшілер қауымдастықты қолдап, студенттермен үнемі жұмыс жасап, жетекшілік етеді. Олар әдіснама, теория және академиялық хатқа қатысты мәселелерді қамтитын кең әрі бірізді семинарлар ұсынады. Жетекшілер оқытып, үйретуде маңызды рөл атқарады, дегенмен студенттер бір-бірінен де біліп, үйренеді. Әріптестік оқытуды өте маңызды деп қарастырамыз. PhD орындау жалғыз атқаратын процестерге бағытталған, дегенмен бағдарламамыз когортаны анықтап, студенттер арасында ынтымақтастықты арттырады. Жетекшілер біздің университеттердің трансформациясы үшін адам сенгісіз үлес қосуда. Зейнеттегі профессура қабілеттері мен тәжірибесін тиімді пайдалана білдік. Осы арқылы оларға трансформацияға өз үлестерін қосуға мүмкіндік

>>

бердік.

МУ: NIHSS PhD студенттері жұмыстарынан тыс зерттеулерді қолдай ма?

СМ: Иә, шын мәнісінде бізде Каталиттік зерттеу бағдарламасы бар. Ол бойынша жаңа инновациялық зерттеулер қаржыландырылады. Ол зерттеушілердің ескі зерттеу сұрақтарының шеңберінен шығып, жаңаша ойлау, жаңа әдіснама мен желіні қолдануға мүмкіндіктер береді. Ондай жобалар дәстүрлі қаржыландыру институттарының назарынан тыс болуы мүмкін, сондықтан NIHSS осындай ерекше зерттеулерді қолдайды. Сондай-ақ, біз гуманитарлық және әлеуметтік саладағы ғалымдар негізінен кітап жазумен айналысу керек деп есептейміз, дегенмен басым бөлігі журналдық жобалармен айналысады. Каталиттік бағдарламамыздың шеңберінде біз магистратура студенттерін де қолдаймыз.

МУ: Осындай «ерекше» зерттеулер жариялануда қиындықтар көруі мүмкін. Осы жағдайда көмек қолын соза аласыздар ма?

СМ: Айтып өткенімдей, тек PhD шәкіртақылары мен зерттеулерін ғана қаржыландырып, қолдамаймыз. Баспалар кейбір жобаларды тамаша, бірақ «қаржылық тұрғыдан өміршең емес» деп қарайтынын білеміз. Институтымыз баспагерлерге нені жариялау керектігін нұсқай алмайды, дегенмен біздің мандатымызбен үндес қолжазбаларды қолдауға тырысады. Сонда да жұмыс баспагердің қатаң редакциялауынан бәрібір өтуі керек, бірақ біз бірнеше кітап сатып алуға немесе жұмысты дайындау барысына кететін жариялау шығынын өтеуге кепілдік береміз. Сондай-ақ, конференциялардан шығатын жарияланымдарды қаржыландырамыз.

Жеке басым қатты мақтан тұтатын бастамалардың бірі-марапатқа алғаш рет 2016 жылдың наурыз айында ие болған гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдарға берілетін ұлттық кітап пен шығармашылық марапат. Біз түрлі жұмыстарға алты марапат тағайындадық: ғылыми және көркем әдеби кітаптар, жинақтар, электрондық медия және өнер. Марапаттар тек Оңтүстік Африкалық академия саласының мүшелеріне беріледі. Алғашқы марапаттар 2013-2014 жылдары жарық көрген кітаптарға арналды және біз өтініш берушілер санына риза болдық, себебі бұл біздің гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар қызығушылыққа ие екендігін көрсетті. 2017 жылдың наурызында бізде тағы бір марапат жиынтығы тағайындалмақ.

МУ: Оңтүстік Африкада қоғамдық істермен айналысатын ғалымдардың ұзақ тарихы болғаны белгілі. Қоғамдық салаға өз идеяларын және ғылыми-зерттеу қоғамдық салада қолданатын ғалымдарды ынталандырудың қандай да бір жоспары бар ма?

СМ: Шын мәнінде, бізде қалыпты академиялық кеңістіктен тыс зерттеулерді қолдайтын және білімді генерациялау үшін дәстүрлі емес орындарды дамытуға бағытталған Гуманитарлық Хаб бағдарламасы бар. Біз оны тарихы бай Лилислифте апробациядан өткізудеміз. Онда 1960 жылдары азаттық қозғалысы орын алып, Ривония сотталушылары ұсталған. Бұл – көптеген ғалымдар мен студенттер білмейтін қайғылы шынайы кеңістік. Жоба осындай тарихи мұраға негізделген көзқарасты тарихи оқиғалар туралы басқаша ойлау жолдары мен білім жүйесіне айналдырады. Осы жоба шеңберінде Лилислифтің Азаттық Жарғысының орталығында тарихқа басқаша тұрғыдан қарауды ұсынып, ғалымдар, практиктер және т.б. арасында пікіралмасуды қамтитын коллоквиум өтуде. Азаттық қозғалысы тарихынан білетініміздей, ғалымдар мен халықтық интеллектуалдар өзара әрекеттестігінен ұлы идеялар шығуы мүмкін.

МУ: Қоғамдық саладағы жұмыстарыңыздың мысалдарын айта аласыз ба?

СМ: Біздің «гуманитарлық хаб» мектеп оқушыларын гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдарға қызығушылығын арттыруға бағытталған. Мысалы, мектептің жоғары сынып оқушылары тарихты көздерімен көру үшін Лилислифке автобуспен апарылды. Бұл студенттерге тарихымызды оқытудың жаңа заманауи тәсіліне айналды. Бірақ Лилислифке екінің бірі бара алмайды, сондықтан біз Оңтүстік Африка университеті, Венда университеті, Лимпопо университеттеріне арнап, «кіші Лилислиф» атты жылжымалы көрме ұйымдастырдық. Бұл тәсіл – гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдарды өзіміз үшін ғана емес, бүкіл әлемге танытып, үйретудің жаңа жолы. Аталмыш тәсіл тарих, Азаттық жарғысы, тіпті өзіміз туралы түрлі жаңа диалогтарға мүмкіндік береді. Біз Азаттық жарғысының ұсыныстар жасау кестесін ұйымдастырдық. Біз адамдардан екі нәрсе сұраймыз:

1) Азаттық жарғысын қайта жазу керек болса, қандай өзгерістер енгізер едіңіз?

2) Азаттық жарғысының қай пункті сізге қатты ұнайды? Адамдар әр түрлі қызықты коментарийлер жазады. Жұмыссыздық, кедейлік және т.б. төңірегінде көптеген мәселелер анықталуда. Лилислиф пилоттық жоба болатын, енді біз басқа жерлерде де соған ұқсас «гуманитарлық хаб» ұйымдастыруға бел буып отырмыз.

МУ: Институттарыңызда халықаралық бағдарламалар бар ма?

СМ: Оңтүстік-Оңтүстік желісі арқылы Үндістан Әлеуметтік ғылыми зерттеулер кеңесімен бірге бастама көтеріп, ғылыми зерттеу бағдарламасын қаржыландырудамыз (ICSSR). Қазір Бразилия және өзге елдермен осы сынды зерттеу серіктестігін қарастырудамыз.

Біз, сондай-ақ, бес ірі дамушы экономикалардың бірлестігінің (БРИКС: Бразилия, Ресей, Үндістан, Қытай және Оңтүстік Африка) Оңтүстік Африкадағы сараптамалық орталығының ұйлестірушісіміз. Оның бизнес, ғылым, азаматтық қоғам сияқты түрлі бөлімшелері бар және біз жыл сайынғы БРИКС Кеңесі мен Саммитіне ұласатын академиялық форумды бес елмен ұйлестіруші

>>

академиялық бөлім жұмысын ұйымдастырамыз. Биыл академиялық форум Қытайда өтсе, 2018 жылы Африкада өтеді. Бұл бастама саяси жұмыс пен үкіметке кеңес беруге негізделеді. Академиялық форум тақырыптары әр түрлі (мысалы, әлеуметтік қауіпсіздік, денсаулық, білім беру, энергия) және оны қабылдаушы ел анықтайды. Форумдар БРИКС-ті ақпараттандырып, бес ел үкімет басшыларына саяси жұмыстарда кеңес береді. Оны ғалымдар мен саяси қызмет арасындағы көпір болатын маңызды алаң деп есептейміз.

МУ: Осынша қысқа уақытта айтарлықтай жетістіктерге жетулеріңіз мақтарлықтай екен. Сонда ең қиыны не болды?

СМ: Менің ойымша, біз ұзақ уақыт бойы қажырлы еңбек етіп келеміз. Институттың жұмыс істегеніне небәрі үш жыл болғанымен, көп шаруаны бітіріп үлгердік. Оны Жоғары білім және кәсіби даярлау департаменті (DHET) толық қаржыландырып келді, бірақ мемлекеттік департамент арасында қызмет ету қиындықсыз болған жоқ. Осы уақытқа дейін DHET-тегі қамқор жандар бюрократиялық кедергілерді еңсеруге көп ықпал етті. Сондай-ақ, бұл NIHSS алқасымен тығыз қарым-қатынастағы ұжымдық жұмыс болды.

Басында кейбір ғалымдар мен университеттер қарсы болды. Жұмыс істеп отырған бөлімдер сияқты тағы бір бөлім ашып, университеттерге кететін қаржыны далаға шашасыңдар және бұл Жоғары білім министрлігі гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдарды қадағалауын күшейтеді деген ойлар жиі айтылды. Осындай күмәндар мен ұсыныстар ескерілді және бұрынғы қарсыластарымыздың көбісі қазір біздің ісімізді қолдаушыларға айналды. NIHSS – тәуелсіз Алқаға есепті заңдармен реттелген бірлестік. Бастапқыдағы ойымыз бойынша, Институт өзге бірлестіктермен бәсекелеспейді, оның орнына өзгелерді толықтырады.

Қазіргі күнгі негізгі жетістіктердің бірі – бағдарламалардың қарапайымдылығы және қолжетімділігі. Мысалы, жетекші мен студенттер арасындағы байланысты барынша жеңілдету және оңай ету үшін қазір жаңа қосымшаны тәжірибеден өткізудеміз. Жас ұйым ретінде көп үйрендік. Жүйенің толық қалыптасып, орнығуы үшін, менің ойымша, кем дегенде үш-бес жыл уақыт керек. Қазіргі жеткен жетістіктеріміз қанағаттандырып отыр.

МУ: NIHSS-тан болашақта не күтуге болады?

СМ: Менің ойымша осынша қысқа уақыт аралығында NIHSS-ті шынайы бір дүниеге айналдыруымыздың өзі адам сенгісіз жағдай. Бұл жағдайда министр маңызды рөл атқарғанымен, барлық жұмысты ол істеген жоқ. Министр қолдауы Институттың гүлденуіне ықпал етті. Ол біздің құжаттарды іс жүзінде оқиды, бізді шабыттандырады және әрдайым қолдайды. Бұл NIHSS үшін үлкен сый болды. Кейбіріміз министр кетсе не болар екен деп ойлаймыз. Саясат негізінен тұрақсыз дүние болып табылады және сол саясаттан мәселелер туындауы мүмкін. Бірақ өз-өзімізді ұйымдастырып, қалыптастыру үшін қажырлы еңбек етудеміз және ұлы жұмыс істеу арқылы өз төзімділігіміз бен құндылығымызды дәлелдейміз. 2019-20 жылдарға дейін қаржыландырыламыз. Осы уақыт аралығында кем дегенде 300 докторант дайындап, кем дегенде төрт марапаттау циклын өткізіп, кем дегенде 40 кітап басылымын қаржыландырып үлгереміз деген үміттеміз. Осыны орындасақ, өз жұмысымызды орындадық деп есептейміз. Осы уақытқа дейін осынша қысқа уақыт аралығында кез келген ұйымның жұмысынан артық істеген боламыз.

Оңтүстік Африка гуманитарлық және әлеуметтік ғылымы Институтымызды құшақ жая қарсы алғанына дән ризамын. Ғалымдардың біздің ұсыныстарды қарау, төреші болу, студенттерге жетекші болу сияқты көптеген өтініштерімізді қалай қабыл алып, қолдағандарына таңдандым әрі қуандым. Ғылыми қауымдастық бізді көшбасшы деп танып отыр. ■

Хаттарды Сара Мосоеца <mosoetsa@nihss.ac.za>
мен Мишель Уильямсқа <Michelle.Williams@wits.ac.za> жолдауға болады.

> Африка-американдық әйелдерді таныстыру

Патриция Хилл Коллинзбен сұхбат

Патриция Хилл Коллинз.

Патриция Хилл Коллинз – Мэриленд Университетінің құрметті профессоры және Америка әлеуметтанушылары қауымдастығының бұрынғы президенті. АҚШ-тың алдыңғы қатарлы әлеуметтік теоретигі бола отырып, ол Қара нәсілділердің феминистік ойы (1990) деп аталатын классикалық жұмысқа айналған алғашқы кітабында және одан кейінгі Сөзбен ояту (1998) және Қара нәсілділердің жыныстық саясаты (2006) деген жұмыстарында «қысымның көптігі», «өзара байланыстылық» және «ішкі аутсайдер» идеяларын ұсынушы ретінде әйгілі. Косоводағы Приштины университеті магистратурасының студенті **Лабинот Кунушевчи** өткізген ұзақ сұхбаттан үзінді беріп отырмыз.

ЛК: Сіздің ойыңызша, әлеуметтік теңсіздікті зерттеуде теориялық және эмпириялық әдіснамалардың қайсысы неғұрлым ұтымды?

ПХК: Мен үшін, ал мен «үстем дискурстарды» зерттеймін, Батыста үстем дискурс – идеялар мен тәжірибелердің үстемдігі білім жобаларының констелляциясы. Осы үстем дискурс пікірталастардың шарттарын тағайындайды – маңызды мәселе қайсы, не нәрсе дәлел бола алады, не нәрсені маңызды емес деп ығыстыру. Құрама Штаттарда үстем дискурс билік жүйесіндегі нәсіл, тап, жыныс, жыныстық бағыт және ұлттың қиылысу алаңында қалыптасады.

Өз жұмысымда нәсілшілдік, жынысына қарай кемсіту, таптық қанау және гетеросексизмнің әртүрлі әлеуметтік топтардың өмірлік тәжірибесін қалай қалыптастыратынын зерттедім. Қара нәсілді әйелдер тәжірибесі – билік пен білімнің маңызды мәселелерін талдаудың негізі, бірақ африка-американдық әйелдерге қатысты тәжірибе шешуші болып табылмайды. Мен африка-американдық әйелдерге биліктің бірнеше жүйесі тоғысқан жерінде пайда болған әлеуметтік мәселелердің жиынтығымен бетпе-бет келіп отырған әйелдер ретінде қараймын. Мысалы, зорлық-зомбылықты алып қарайық. Қара әйелдердің де жігіті, күйеуі және әкесі тарапынан көретін үйдегі қорлығы құлдықтың қалдығы мен нәсілдік кемсітудің бір бөлігі ретінде мемлекеттің қара адамдарға қатысты нәсілдік зомбылықты тыймауы аясында жүзеге асып отыр.

Күштеудің осы екі түрі өзара байланыста. Анджела Дэвис, Джуна Джордан және Кимберле Креншоу сияқты қара нәсілді интеллектуалдар мен қоғам қайраткерлерінің қара әйелдерге қатысты әлеуметтік мәселелерді қанау жүйелерінен бөлек қарастырсақ, ешқашан шешілмейді деп жүйелі түрде қалай дәлелдеп жүргені менің қара феминизм

>>

бойынша жұмыстарымда зерттеледі.

Африка-американдықтардың ерекше тәжірибесі негізінде қара феминист және интеллектуал әйелдер күштеудің бірнеше түрі бір уақытта жүзеге асуы мәселесін көтерді, өз кезегінде бұл ғылым мен саясатта жаңа саланың пайда болуына алып келді, енді біз оны өзарабайланыстылық деп атаймыз.

Үстем дискурсты қалыптастыратын билік жүйелерінің үйлесімі өзгеріп отыруы мүмкін. Мысалы, мен АҚШ-та зерттеп жүрген өзара қиылысатын жүйелер – нәсілден, таптан, жыныстан, жыныстық бағыттан азаматтыққа (ұлт) дейін – АҚШ-тың нақты тарихын білдіреді. Менің пікірім, мысалы сіздің еліңіз (Косово) сияқты жас елдер, айталық Косово тарихы үшін ерекше мәні бар ұлттық шығу тегі, тап және дін сияқты саналуан қиылысулар негізінде қалыптасады дегенге саяды. Тарихтан тәуелсіз билік қатынастарының әртүрлі констелляцияларын көрсететін, бәрін қамтитын үстем дискурсты, сондай-ақ білім шарттарын элиталық топтар барлық кезде бақылап отыратынын естен шығармау маңызды. Топтар өзгеріп отыруы мүмкін, бірақ әлеуметтік теңсіздіктің билік қатынастары үстем дискурсты қалыптастыруға кез келгеннің қол жеткізе алмайтынын көрсетеді, дегенмен қоғамда барлығы белгілі дәрежеде оған тәуелді. Теориялық және эмпириялық әдіснаманың қайсысы неғұрлым жарамды деген сауал жалпы билік қатынастары туралы білім өндірісі қайда және сіз білімнің қандай нақты элементтерін зерттегіңіз келетінін сипаттайды. Менің жағдайымда, теорияны зерттеуге шешім қабылдадым, себебі ғылымның гносеологиялық негіздерін талдау биліктің мәніне жақындауға мүмкіндік береді. Теориялық жұмысым қиылысатын билік қатынастарын, соның ішінде биліктің білімді қалай қалыптастыратынына ерекше назар сала отырып, өлшеуді талдаумен байланысты. Осыған орай, академиялық дискурс аясындағы, сондай-ақ саясаттағы әлеуметтік теңсіздікті зерттеу үшін өзарабайланыстылықтың құрылымы маңызды талдау құралы.

ЛК: БАҚ – та әйелдерді қорлау мен азат етуді көрсетудің ықпалы қандай және ол әйелдердің қоғамдық және саяси салаларға қатысуына қалай әсер етеді?

ПХК: Әйелдердің барлығы феминдік әлеуметтік сценарийлерді ұсынатын бұқаралық ақпарат құралдарының өздеріне әсерін сезінеді. Соған қарамастан, қоғамдар бір-бірінен ерекшеленетіндіктен, мінсіз әйел бейнесі тиісінше өзгереді. Құрама Штаттардағы және сол сияқты мультимәдени қоғамдардағы әйелдерді медиада таныстыру нәсіл, гендерлік идентификация, ұлттық шығу тегі, тап және азаматтық статусының белгілі үйлесіміне байланысты ерекшеленіп отырады. Гетеросексуалды бағыттағы орта таптан шыққан және АҚШ азаматтығы бар ақ нәсілді әйел басқа топтардағы әйелдер үшін мінсіз тип болып табылады. Бұл базбір идеал, ұсыныс, әлеуметтік конструкт, дегенмен бұл нақты адамдар категориясы емес. Әдетте осы мінсіз әйел бейнесі үй шаруасындағы әйел-ана ретінде таныстырылатын, алайда соңғы кезде өзгеріп, бұл бейне ықпалды позицияларға қол жеткізген әйелдермен толықты. Полимәдени қоғамда мінсіз типке сәйкес келетін басқа топтарға жататын әйелдер неғұрлым көп болса, солғұрлым олар жоғары бағаланады.

Қара нәсілділердің феминистік ойы деген кітапта мен африка-американдық әйелдердің төрт негізгі стереотиппен ұшырасатынын қарастырамын: (1) қашыр - ешқандай арызы жоқ, мал сияқты жұмыс істейтін әйел; (2) Иезавель/жеңіл жүрісті, көбіне тәнін саудалаушы бейнесіндегі, жыныстық құмарлық тудыратын әйел; (3) ана, өз қожайынына риясыз, адал қатынасы шексіз қара нәсілді қызметші әйел; және (4) мансапқа бола отбасылық өмірден бас тарқан білімді қара әйел. Алайда, бұл бейнелер нәсілшілдіктің, сексизмнің және таптық қанаушылықтың бұрынғы тәжірибелерінің жәй ғана жомарт стереотиптері мен анахронизмдері емес. Осыған ұқсас бейнелер қара әйелдерді қалай қабылдау керек және оларға қалай қарым-қатынас жасауы қажет екендігін адамдарға таңады. Сонымен бірге осы стереотиптер қара әйелдер игеруге тиісті әлеуметтік сценарийлер болып табылатыны бәрінен бұрын аса маңызды.

Кең мағынада феминизм әйелдердің құқықтары үшін қозғалыс ретінде имиджді және осы имидждер өкілі болып табылатын билік қатынастарын құлату мақсатын қояды. Әйелдер төмен жалақы және жұмыспен қамтамасыз етуге кепілдіктің болмауына көнетіндерден, нәсілдік және ұлттық шығу тегіне байланысты ерлерге де, әйелдерге адал малай болып жүргендерден бас тартқаны сияқты үй шаруасындағы тоғышар бикелер немесе «қашыр» қалыптарынан бас тартқан жағдайда қоғамдық ортаға түбегейлі өзгерген санамен енетін болады. Осы мағынада идеялар мен әрекет бір бірімен тығыз байланыста. Өзгеру үстіндегі имидждер мінез-құлықты өзгертуге қабілетті, ал өзгерген мінез-құлық, өз кезегінде қоғамдық салада әйелдер туралы әртүрлі көзқарастардың дамуына ықпал етеді. ■

Хаттарды Патриция Хилл Коллинз <collinph@umd.edu>
бен Лабинот Кунушевчиге <labinotkunushevci@gmail.com> жолдауға болады.

> Ли Куан Ю – дан соң

Виниета Синха, Сингапур Ұлттық университеті, ХӘҚ жарияланымдар бойынша Вице-президенті, 2014-2018

Гуаньинь ғибадатханасы пірәдарлары көрші Шри Кришнан ғибадатханасында хошиісті таяқшаларды таратып жүр. Суретті түсірген Даниель Го.

Тәуелсіз Сингапурдың алғашқы премьер-министрі, марқұм Ли Куан Ю-дың түсініксіздеу бейнесі ұлттық арал мемлекеттің өмір сүруі мен идентификациясының өзіндік мәнін анықтайтын сияқты. Ли Куан Ю есімімен байланысты басқарудың Сингапурлық стилін, шынында, оның жеке басына қатыстыра отырып, «прагматикалық авторитаризм», «жұмсақ авторитаризм», «ағартушылық деспотизм», тіпті, «қайырымды диктатура» деп те айдар тақты. Мемлекеттік нарратив меритократияның, мультикультурализм мен заңдардың үстемдігін ұстана отырып, «таза» үкіметке, тиімді бюрократияға, модернизацияға, экономикалық даму мен гүлденуге, сонымен қатар әлем бойынша жан басына шаққанда жоғары табысқа жеткендердің қатарына алып келді Этникалық топтар арасындағы әлеуметтік-мәдени айырмашылықтарды ескеріп және олардың барлығына «теңдік» беретін идеологияны қолданып (осы шығарылымдағы Нұрман Абдулланың «Көпнәсілдіктен кейін» мақаласын қараңыз), осы нарратив сандық баламаны емес, мәртебелі еңбегі бойынша этникалық негіздегі ресми және институттанған кемсітуді жоққа шығара отырып, мүмкіндіктер теңдігін білдіреді. Бірақ осы мықты ұстаным нәсілдік ерекшеліктер мен нәсілшілдік туралы ойларды пайымдауға тіпті мүмкіндік бермек түгілі, күрделі етіп жіберді; саясат пен меритократияның қайшылықтарын өлшеу де байқалмайтын болып қалды (осы шығарылымдағы Юен Теоның «Меритократиядан кейін» мақаласын қараңыз).

Сингапур саясатының басқару және әкімшілік әдісінде жоспарлау, тиімділік, бақылау және реттеуге басымдық берілген. Сингапур қоғамының күнделікті өмірін бюрократия шырмап алған, ол сыбайластық пен ашкөздіктен ада тәжірибелерге ие, тиімді, мүмкін тіпті өте тиімді жұмыс жасайды деп қарастырылады. Сингапур басшылығы ағылшындардан мұраға қалған «инфрақұрылымды», кезінде Макс Веберді таң қалдырған және мазасын кетірген мінез-құлық ережелерін (бюрократтар тарапынан) тыңғылықты сақтауды күшейту үшін әбден екшеп, мұқият жүзеге асырды.

Орталықтанған басқару және барлық басқа әлеуметтік салалармен тығыз байланыс сияқты басқару принциптері қолдаушы бюрократиялық ұйымдар желісі бар экспансивті мемлекеттік аппаратты талап етті. Тап осы делдал институттар арқылы мемлекет барлығын қамтитын авторитарлық және прагматикалық идеологияның тікелей үстемдігі негізінде қабылданған өз азаматтарының күнделікті өміріне ықпал ететін саясаттарды қолдануға талпынады.

Сингапур мәдениетін «бақылау мәдениеті» деп сипаттай отырып, Карл Троки, постколониялық мемлекет биліктің анағұрлым жоғары деңгейлерін дамытады және «өзіне қоғамды толық басқару мен бақылаудың [...] жауапкершілігін мойнына алады» деп тұжырым жасады. Чуа Бенг Хуата мен Квок Киан Вун да тәуелсіздік алғаннан кейінгі Сингапурда «мемлекеттік араласудың кеңеюі және [...]мемлекеттік аппараттың қолында биліктің шоғырлануы» күнделікті өмірдің кейбір салаларының тәуелсіздігі аясын тарылтқанына назар аударады.

Академиялық және кәсіби емес дискурстар Сингапурды Ли Куан Ю-мен және оның келісімге келмейтін, авторитарлық саясаты брендімен тығыз және үздіксіз байланыстырады. Сингапурдың азаматтары әдеттегідей консервативті, бойларын үрей билеген, тіл алғыш және ынжық болатын. Дегенмен, сингапурлықтар жоғарыдан төменге бағытталған әдіске, «грек жаңғағын жару үшін балғаны қолдануға», Сингапурдағы қоғамдық дискурстың бөлінбес, кей кезде әбден мезі қылған бөлігін сынай бастағанына біраз уақыт болды.

Саяси құрылымдар мен әлеуметтік ғылымдар арасында қандай қатынас бар? Сингапур әлеуметтануы да үнемі Ли Куан Ю қырынан қарастырылады. Постколониялық Сингапур көсемдері экономикалық даму мен оның нәтижесіндегі әлеуметтік өзгерістер өзекті деп қабылданған жас тәуелсіз

>>

елдің қажеттіліктерін сипаттайтын экономикалық дамуды басымдық деп таныды.

Әлеуметтанулық зерттеулер (негізінен үкімет қаржыландыратын) «қолайлы» болуы тиіс; жаңғырту процесіне тікелей ықпал етпеген жағдайда да, ұлттық құрылыс жобасын демеп тұрады. 1970 – 1990-жылдар арасында әлеуметтанулық білімдер Сингапурдың көпұлтты, көпконфессиялық халқын басқарудағы ұлттық мемлекеттің басымдықтарын көрсететін жылдам әлеуметтік-мәдени, экономикалық және саяси ақпараттарды қалыптастыруға бағытталды.

Алайда, соңғы кездерде, әлеуметтанушылардың университеттік мүдделері мен ешқашан абсолютті болмаған ұлттық мүдделер арасындағы тепе-теңдік бұзыла бастады. Сингапур әлеуметтанушылары мемлекеттің мультикультурализм, меритократия, отбасы, неолиберализм, жаһандану, Сингапурдың тарихы, көпконфессиялығы және діни үйлесімі, кедейлік пен теңсіздіктің жоқтығы және т.б. бойынша нарративтерін сынай бастады.

Тағы бір жағдай, қазіргі кезде Сингапур мемлекеті әртүрлі министрліктерде тәуелсіз зерттеу әлеуетін қалыптастыруда, бұл қадам университеттік зерттеулерге тәуелділікті азайтуы мүмкін.

2015 жылы Ли Куан Ю-дің өлімі көптеген сингапурлықтарды есеңгіретіп тастағаны таңқаларлық жәйт емес еді, себебі ұлт заманауи Сингапурдың сәулетшісін және басшысын жоғалтты. Дегенмен қызық жәйт, бұл азаттық алу сәті, шектеулер мен гиперреттеуге шырмалмайтын мүмкіндікке, еркіндікке қарай, соның ішінде саяси еркіндікке қарай қадамды сезіну болды.

Бірақ бұл эйфориялық реңк әлеуметтанулық қиялдың мықты мөлшерімен бір қалыпқа келтірілуі қажет. Сингапурда өз кәсібім мен тәжірибе жүзінде шұғылданушы этнограф ретінде менің діни тәжірибелерді зерттеуім күнделікті өмірдің басымдығы мен нәтижелігіне негізделеді. Әлеуметтік және саяси өмірді ұйымдастырудың кеңдігін ескере отырып, аралдың киелі домендері бюрократиялық, әкімшілік және заңнамалық кедергілермен шырмалған жоғары рационалданған менталитетке кіріктірілген. Сингапур діни алаңының ерекшелігі, әсіресе бюрократия мәдениеті мен оның діншілдікті білдіруге ықпалы зерттеуді қажет етеді (осы шығарылымдағы Фрэнсис Лимнің «Секуляризмнен кейін» мақаласын қараңыз).

Сингапурлық мемлекеттің интервенциялық болуы зерттеуімнің алғашқы тірегі болды. Зерттеуім «ғибадатханалар джунглиін» (биліктен жасырын орындарда орналасқан киелі жерлер) және индуист, даошыл, буддашыл және католик ретінде сингапурлықтардың күнделікті діни өмірімен біте қайнасқан діни мерекелер мен ғибадатханалар саласы әлемін аша отырып, Сингапур діни алаңының «астан-кестең» екенін көрсетеді. Діни тәжірибелер жоғары дәрежеде шектелген алаңдарда киелі орындар мен сананы қалпына келтіргендіктен, Сингапур қаласының топографиясы діни саладағы «былықпайшылықты» және «дүрбелеңді» екенін сипаттайды: діни рәсімдер спорттық стадиондар мен жүзу бассейнінде де өткізілген. Ли Куан Юдің авторитарлық билігі кезінде «киелі/зайырлы» және «жеке/қоғамдық» анық белгіленген шекараларын «елемеу» Сингапурдың діни доменінің алғашқы үлгісіне айналды. Осы діни саланы балама оқу – оның Сингапур қаласына таза, кіршіксіз таза, аса ұқыптылықпен реттелген басым көзқараспен қарауға саяси қарсылыққа қатысуына жол ашты.

Ресми құрылымдармен келіссөз жүргізудің күнделікті мүмкіндігі туралы не айтуға болады? Бюрократиялық құрылымдардың нық орнауы мен интервенциялық позициясына қарамастан, діни эксперимент жүргізуге асқан құлшыныс Сингапурдың діни өмірін анықтайды. Дінге араласу діни саланы қайта конфигурациялағанымен діни инновация мен шығармашылықтан да бас тартпайды. Дінді реттеу абайсызда діни еркіндікке жаңа кеңістіктерді ашты. Іс жүзінде бұл бюрократиялық аппараттың лабиринті келіссөз үшін орын қалдырады, себебі күтілетін күнделікті нәтижелерге қол жеткізу үшін діни тәжірибені жүзеге асыратындар ережелерді стратегиялық түрде қолданады.

Сингапур кешенді әлеуметтік-саяси және діни ландшафтының этнографиясы маған авторитарлы үкіметті, әсіресе Ли Куан Ю кезеңін, жоғары қоятын шаршаған, томаға тұйық, жәбірленген азаматтардың стереотипті мінездемелерін анықтауға итермеледі. Баяндамам Сингапур діни домендерін әдеттегідей есептеуге және Сингапур мемлекетін қадағалаудың басты дискурсына қарсы, себебі мұндай әрекет ету индивид өмірін айқындауға, яғни не тәртіпті, алдын-ала болжанатын әрекетке, не агенттердің тұрып қалуы мен жетіспеушілігіне алып келуі мүмкін.

Нық орныққан авторитарлық мемлекет объективімен қарағанда академиялық нарративтерге оптимистік сенімділік тән немесе Сингапур тарихы белгілі немесе анықталатын нәрсе, алдын-ала белгілі және іш пыстырарлық. Сингапурлық зерттеулер Сингапур саясатының ескірген көзқарасы тұрғысынан қарастырылатын әлеуметтік-мәдени және саяси өмірінің көріністеріне қарсы тұруда. Шындығында, Сингапур қоғамының балама сипаттарында, мені авторитарлық мемлекеттің апологеті не макро, яғни саяси аппараттың гегемон екенін мойындамайтын, бағынған азамат/нон-актордың күнделікті жеңістерін, яғни «микро»-ны сипаттаумен көңілім жай табатын тұлға ретінде оқитын.

Осылайша, Сингапур әлеуметтануының шешілмеген мәселелері көп. Ол ресми, басым нарративтерге және сингапурлық қоғамды зерттеуге балама жауаптарды өндіріп қана қоймай, Сингапур қоғамын үнемі жауапсыз интерпретациялауға және әлеуметтанулық тұрғыдан шешуге ұмтылуы қажет. Шектеулер мен шаблонды дискурстардың шекарасынан шығып, көпқырлы балама ойлар бағытында жылжи отырып, Сингапур әлеуметтік және саяси өміріндегі түйткілдерді шешуге ұмтылыс ретінде де орын алуы тиіс. Әлеуметтік құрылымдарды адамдар құрастырмайды және ол бір сәтте ғайып бола алмайды. Басты сұрақ: қазіргі премьер-министр Ли Сянь Луннан кейін Сингапур саяси күштерінің бөлінуі қалай болмақ? ■

Хаттарды Винетта Синхаға <socvs@nus.edu.sg> жолдауға болады.

> Көпнәсілдіктен кейін

Нұрман Абдулла, Сингапур Ұлттық университеті, ХӘҚ мүшесі, пікір мен қоғам тақырыптық тобы (TG07)

Сингапурдың заманауи қытайлық орамындағы тарихи орын Телок Айерде малай және үнді саудагерлерінің мүсіндері. Суретті түсірген Даниэль Го.

Сингапурдың премьер-министр Ли Сьен Лунг 2016 жылы тамызда Ұлттық мерекеге арналған жиында сөйлеген сөзінде нәсіларалық мәселелерді қозғап, жоғары саяси билік деңгейіне азшылықтың өкілдерін тартуға шақырды. Осы тұрғыда азшылықтың өкілдігі тек нәсілге ғана қатысты болды, ол не гендерді, не жыныстық бағытты немесе басқа әлеуметтік маңызды және секторлық аралық категорияларды қамтыған жоқ. Бір қызығы, 1989 жылдың өзінде-ақ, үлкен Ли бұрынғы премьер-министр Ли Куан Ю Сингапур әлі де қытайлық емес премьер-министрге тіпті дайын емес деп сіресіп еді, алайда 2008 жылдың соңында, кіші Ли бұл жағдай болуы «мүмкін, бірақ жуық арада емес» деген болатын (*The Straits Times*, 9 қараша, 2008). 2016 жылғы жиыннан екі апта өткеннен кейін Сингапурдың күнделікті шығатын басты басылымы (*The Straits Times*, 9 қараша, 2008) бір бетке толығымен Сингапурдың тізгінін кім алады деген мақалада Лиді ауыстыратын мүмкін үміткерлер туралы талдау ұсынуы да отқа май құйды (2016 жыл, 4 қыркүйек) – олардың барлығы министрлер кабинетінде басым болып отырған қытай ұлтының өкілдері.

Лидің сөзі сингапур қоғамында нәсілдік фактордың тұрақты күшейе бастағанын көрсетеді. Нәсілге назар аудару мен оның көрініп қалуы әлеуметтік, саяси және мәдени саясатта байқалады және арта түскендігі де дау туғызбайды, сондай-ақ Сингапурдың күнделікті өмірінде едәуір орын алып отыр. Мультикультурализмнің сингапурлік үлгісінің әлеуметтік-саяси өмірін ұйымдастырудың осындай гегемондық дәстүрі яғни әрбір нәсілдік категорияға өзіне тән мәдениеті мен тілін иемденуге мүмкіндік беретін ресми түрде «қытай», «малай», «үнді» және «басқалар» категорияларының қысқартылған СМІО-дан туындайды.

СМІО көп нәсілдігі меритократиямен қоса Малайзия мен Сингапур арасында этникалық қытайлар мен басқа азшылықтардың құқықтарын сақтау бойынша бітіспес даудың нәтижесінде 1965 жылы аяқ астынан Сингапурдың Малайзиядан бөліну нәтижесінде Британ отаршылдығынан мұраға қалған іргелі идеологиялық догматтарға негізделген.

Осы кедергі тәуелсіздіктен кейінгі Сингапурдағы ұлттық саясат өзегінің бөлігіне айналып отыр: шағын қала-мемлекет ретінде өзін қорғау әрі заңдастыру үшін үкімет саналуан ұлттық және діни топтарға тең мәртебе, қатынас, мүмкіндіктерді беру және кепілдікпен қамтамасыз етуге, сонымен қатар оларға бірдей құрмет көрсетуге баса назар аударды.

Нәсілге қатысты осындай міндеттемелер білім беру мен тіл саясатында, өзара көмек топтарында, мемлекеттік тұрғын үйді бөлуде, тұрғындарды бақылауда, сондай–ақ саяси өкілдікте үнемі ескеріліп отырды.

Сингапурдың өзін нәсілдік-бейтарап ел-міс деп таныстыруын есепке алсақ, онда мемлекет ұлттық мүдделер шекарасында нәсілдік қатынастардың тең және аса мүдделі емес қорғаушысы жағдайына түседі. Сонымен қатар саяси құралдар мемлекетке халықтың белгілі бір нәсілдік арақатынасын өндіруге мүмкіндік береді.

Ақылға қонымсыз, бірақ осы нәсілдік арифметика теңдікке назар аударылатынына қарамастан, этникалық қытайлардың басым бөлігіне және олардың үстем болуына қызмет етеді әрі қолдайды. Сол уақыттағы премьер-министрдің орынбасары, кейін сайланған президент Онг Тенг Чеонг белгілі бір топтарға мәртебелірек қатынас Конституцияның тәні мен жанына қайшы емес деп мәлімдеді. Шынтуайтына келгенде, мультикультурализм дискурсы барлық мәдениеттердің теңдігімен келісе отырып, басқалармен салыстырғанда кейбір мәдениеттерге одан да теңірек болуға аса ашық емес мүмкіндіктер туғызады.

Тағы бір маңызды нәрсе СМІО мәдени әртүрлілікті басқару үшін әлеуметтік ұйымның ережеге сәйкес құралы ретінде ресми түрде рұқсат етілген осы категорияларға тән басқа қоғамдық маңызды ұлттық, аймақтық, тілдік, діни және мәдени айырмашылықтарды айналып өтуге немесе жасыруға талпынады. Сонымен қатар СМІО нәсілдік топтар

>>

арасындағы айырмашылықтарды мойындау, мерекелер және инволюциялық ерекшеліктер арқылы нәсілдік шекараларды бекітеді және күшейтеді. Нәсіл мәдени кеңістігін кеңейту жолымен саяси, әкімшілік категория ретінде қарастырыла отырып, эссенциалистік, шектеулі және іштей біртекті ұғымдарға өңделеді, топтастырлады және институттанады.

Сонымен қатар мәдени тәжірибелер туралы пікірталастар нәсілдік төзімділік пен үйлесімді сақтау мүддесіне қарай көп жағдайда шектеулі сипатта болады. Толеранттылық оқшаулану және ыңғайсыздық ретінде қабылданады деген пікірге илану есебінен сақталып отыр. Басқа жағынан алып қарасақ, мәдениетаралық диалогқа, өзара сыйластыққа, ынтымақтастықты іздеуге, сонымен қатар мойындау құндылықтары мен айырмашылықтар құндылықтарын терең түйсіну мен тану арқасында таралатын мультимәдениеттік мүдде мен әуестікке аз да болса назар салынған. Оның нәтижесі – ресми шараларда сипатталған мәдени айырмашылықтардың шегінен шықпайтын нәсілдік үйлесім.

Дегенмен, күнделікті өмірдегі баламалы мүмкіндіктер мен саналуандық, сонымен бірге тәуелсіздік алғаннан кейінгі Сингапурдегі нәсілдік тегі, айырмашылықтар және мультикультурализммен байланысты неғұрлым күрделі міндеттер мемлекеттік интервенция мен жоғарыдан төменге бағытталған бастамалар шекарасынан шығудың аса зор әлеуетін көрсетіп отыр.

Осы күнделікті мәдениетаралық тәжірибелер органикалық түрде, яғни ешкімнің араласуынсыз, сырттан басқалардың ережені бұзып, қол сұғуынсыз, шекаралардың мәдени қиылысы мен кірігуші топтардың шекараларында пайда болады. Адамдар мәдениетті өндірушілер ретінде қарапайым айырбасқа, күреске, келіссөздерге және интеракцияларға өзіне тән мәдени айырмашылығы және өзгерістерімен қатысады.

Күнделікті өмірдің алуан түрлі бедері – институттық деңгейде мойындалған нәсілдік және мәдени категорияларға қарсы, тіпті оның өзегінен тыс мемлекеттің араласуы қажеттілігіне мәжбүр емес мәдени тәжірибелердің жарқын куәсі. Дін саласында осы шекаралар туралы келіссөздерде «синкретизм», «гибридтену мен қалыптың өзгерісі» және «араласу мен келісу» арқылы сипатталатын процестердің көмегімен түсіністікке қол жетті. Сенім, тәжірибе, кеңістік және ғұрыптық заттар тұрғысынан индуизм даосизммен байланысты; ғибадатханаларды даосизмдікі немесе индуизмдікі деп оңай топтастыру мүмкін, сонымен бірге индуизмді ұстанатын үй шаруашылықтарынан Иисус Христос, Мария, Құдай әйел Те Гуаньинь және тұғырда күлімсіреп тұрған Буддамен қатар Кришна, Муруган және Ганеш элементтерін кездестіруге болады. Міне осындай араласу-және-салыстыру күнделікті құлшылығын жүзеге асыруда аталған әртүрлі діндерден белсенді түрде өзіне керегін таңдайтынын көрсетеді. Этникалық малай мұсылмандары мен қытайлар рухани дертке душар болған жағдайда екі жақтың да рухани тәжірибелерінен пана іздейді.

Сингапурдың культтік ұлттық асханасы да осыған ұқсас – лакса, балапан еті қосылған күріш, роджак, ми горенг және басқа да тағамдар СМІО-ға кіретін әртүрлі «нәсілдік» топтарды таныстыратын ресми түрде «мойындалған» тағам түрлері болмаса да тағамдармен өзара алмасу және гибридтенудің көрінісі.

Тіл саласында Singlish-тің пайда болуы заңды және күнделікті өмірде қолданылуы СМІО-ны құрайтын нәсілдер мен тілдердің қарапайым ынтымағын бұзып отыр. Ағылшын және қытай тілі диалектісінің, малай, тамил және басқа жергілікті тілдердің говорларынан тұратын ауызекі креол тілі ретінде қалыптасқан Singlishке мемлекет тарапынан қатынастың шиеленістік сипатын «Ағылшынша дұрыс сөйле» деген науқаннан байқауға болады.

Әлеуметтанушылар мен антропологтар Сингапурдың түкпірлерін аралап, айттыру, кездесу сияқты әртүрлі әлеуметтік өзараықпалдастықтардағы тәжірибелерді зерттеді. Олар дінде, тағамда және тұтыну тәжірибесінде, тілде, сезімдерде, сонымен қатар фильмдер мен қойылымдарда күнделікті өмірдің қалпына бейімделген еді. Мұндай мәдени тәжірибелер ресми қабылданған нәсілдік категориялардың эссенциалистік және өзара мойындалмаған шекараларын жояды.

СМІО нәсіл және көпнәсілділік жөніндегі мәселе бойынша күрделі өзараықпалдасуы мен билік және үстемдікпен қоса келетін артықшылықтар мемлекеторталық дискурс пен тағайындаулар шекарасынан тыс жатырған қиялдағы Сингапурдың мүмкіндіктерін көрсетеді.

Бүгінгі Сингапур космополиттік идентификация аясына және теңсіздік тереңдей түскен әлемге тың мақсаттармен ене отырып, мигранттар ағынына бар күшін салып қарсы тұруда. Нәсілдік үйлесімнің утопиялық мұратына жету жолынан немесе жалпы категория ретінде нәсілден либералдық тұрғыда бас тартудың орнына, әлеуметтанушылар мен антропологтар сингапурлық қоғамның әртүрлі топтарын ашық және рефлексиялық өзіндік сынға және нәсіл, айырмашылықтар мен мультикультурализм шекаралары мен баламаларының шарттарын түсінуге ұмтылысын жақтайды. Осындай талпыныстардың нәтижесінде әрі жалпы, әрі жалқы болып табылатын Сингапурды сипаттайтын маңызды идентификацияларды кейбір жеке тұлғалар мен қауымдастықтардың ойлауы, пікірталастыруы, таныстыруы, болжауы және қалыптастыруы марапатталған болар еді. Бұл ұстанымдар ақыл тоқтатқан, шығармашыл және мультимәдени азаматтарды неғұрлым шыңдау үшін мойындау мен әрекет, ымыра мен күрес, құрмет пен күмәнді қатар тіндеуді талап етеді. ■

Хаттарды Нұрман Абдуллаға <socnoorm@nus.edu.sg> жолдауға болады.

[1] Chua Beng Huat and Ananda Rajah (2001). “Hybridity, Ethnicity and Food in Singapore” pp. 161-197 in David Y.H. Wu and Tan Chee-Beng (eds.) *Changing Chinese Foodways in Asia*, Hong Kong: The Chinese University Press; Low, Kelvin E.Y. (2015). “Tasting Memories, Cooking Heritage: A Sensuous Invitation to Remember” pp. 61-82 in Lily Kong and Vineeta Sinha (eds.) *Food, Foodways and Foodscapes: Culture, Community, and Consumption in Post-Colonial Singapore*, Singapore: World Scientific Publishing.

> Меритократиядан кейін

Юен Тео, Наньян технологиялық университеті, Сингапур

Заманауи Сингапурде “кемелдену” және “оқыту”орталықтары кәдуілгі құбылысқа айналды. Суретті түсірген Юен Тео.

Сингапурдегі кез келген сауда орталығына кірсеңіз, «мектепте және өмірде табысты болғысы келетін» балаларға және «қалай оқу керектігі жөніндегі өнерді» жарнамалайтын студенттерге арналған «кемелдендіру» және «оқыту» орталықтарын көресіз. Олардың кейбіреулері мектеп бағдарламасына сәйкес ағылшын, қытай, математика, жаратылыстану ғылымдары, физика, экономика пәндерін үйретсе, басқалары негізінен сүйікті іске, соның ішінде, әсіресе шахмат пен робототехника тақырыптарына көбірек бағытталған. Тікелей академиялық немесе керісінше, орталықтардың бірінде айтқандай, «емтиханға дайын» студенттерді даярлайды.

Осы орталықтардың кең таралуы – ертерек жіктелу жолы, сонымен қатар баласының «жылдам жетілуін» мақсат еткен ата-аналардың үш жасқа дейінгі кезеңде мұрагерін «кемелдендіру» ізденісін бастауы сияқты Сингапурдың білім беру жүйесінің негізгі ерекшеліктерін сипаттайды. Үздіксіз жіктелу мектепте білім алудың барлық кезеңінде қысымның сақталуын қамтамасыз етеді, осыған орай кемелдендіру/оқыту орталықтары әртүрлі жастағы және деңгейдегілерге қызмет көрсетеді.

Мектептерде стандартты емтихандар қабылданады, сондықтан орталықтар қызметінің барлық түрі «емтиханға дайындық» аясына шоғырландырылады да сатылады. Сайып келгенде, бәс өте жоғары, бәсеке де тым жоғары, сондықтан орталықтарға үлгермейтін студенттер ғана емес, сонымен бірге биіктен көрінгісі келетін студенттер де келеді. Заманауи Сингапурде табысқа жету үшін мектептен тыс кемелдену/оқытуды ақылды іс деп санайды.

Меритократияның өз дәрежесінде жұмыс жасай алмай отырғанын сынау Сингапурде неғұрлым кең тараған. Үй тапсырмалары көлемінің тым қомақтылығы мен емтихандардың көптігі ата-аналарды ызаға булықтырып отыр. Сыншылар табысы төмен отбасынан шыққан балалар да мүмкіндіктерге қол жеткізе алатындай жағдайды қамтамасыз етуге қатысты теңсіздіктерге алаңдауда. Алайда, мектептен тыс оқытуды меритократияның аберрациясы емес, қисынды нәтиже деп санайтындар аз.

Меритократия әлеуметтанулық әдебиетте марапаттарды жіктеп алып, содан соң жеңімпаздарды заңдастыратын жүйе ретінде кеңінен қарастырылады. Ол нені пайдалы, нені пайдасыз деп санайтын тар түсініктерге сүйенеді, және Пьер Бурдье «танымау» деп атаған, яғни қоғамдастық бір ұстанымдар жиынтығына негізделген деп есептейтін, бірақ ол басқа негізде жұмыс жасайтын жүйе болған кезде жақсы жұмыс атқарады. Осы жағдайда Сингапур жүйесі үздіксіз жеке жұмыстың нәтижесін емес, ата-анадан балаларға өтетін экономикалық және мәдени капиталды қолдайды. Жіктелудің нақты принциптері мен тетіктерін танымаудан бастап, меритократия мұраға қалған әділетсіз артықшылықтары арқылы емес, өзінің қажырлы, ауыр еңбегі мен қабілеті арқасында табысқа жеткен адамдарды таңдай отырып, жеңімпаздарды заңдастырады. Сонымен қатар меритократия бізге сәтсіздік туралы ерекше жәйттерді баяндағанда, оларды жүйелік кемшіліктермен емес, жеке қасиеттермен байланыстырады.

Әлеуметтанулық тұрғыдан Сингапурдегі білім беру саласы инженерия сияқты дәл жұмыс жасайды. Белгілердің таңдалған тар жиынтығы мен студенттерді дәл категориялар негізінде сұрыптауды қолдауға қосымша қауымдастықтың басым бөлігі марапатталып отырған қасиеттер жеке қабілет пен күш-қайраттың нәтижесі деп шынайы санайды. Сәйкесінше, диплом алған тұлғалар дұрыс «ағындар» мен «жақсы» мектептерден өткендер, ресми біліктілігі, мамандығы бойынша қорғалған жұмыс орындары бар, академияда, азаматтық қызметте, немесе үкіметте көпшілік мойындаған мәртебе мен жалақыға лайықты. Кемелдену

>>

және оқыту орталықтарының жүйенің жалпы қисынына деген адамдардың нық сеніміне нұқсан келтіру деңгейі тым төмен. Бәс өте жоғары, тіпті кейде тым жоғары деп саналады, бірақ марапат ерікті деп қабылданбайды.

Білім беру мен меритократия туралы сыни әлеуметтанулық ойлар күрделі кезеңде дамып отыр. Біз Сингапур қоғамының екі ерекшелігі болып табылатын индивидуализмнің институттануы мен телеологиялық нарративтердің бедерленуін неге зерттеу керек екенін түсінуіміз керек.

Меритократияның негізіндегі қисын некеге тұру, баланың дүниеге келуі және оны тәрбиелеу, үй шаруашылығын жүргізу және қариялар мен науқас адамдарды күту сияқты жағдайларды рәсімдейтін әртүрлі мемлекеттік мекемелер мен кешенді саясат арқылы күнделікті өмірге етене сіңіп кеткен. Аталмыш қисыннан шығатыны: Адамдар өзін және отбасыларын өз қамқорлықтарына алу керек. Сингапур мемлекеті сингапурлықтардың өмірін ұйымдастыруды басқарудың кейбір салаларында интервенциялықтың жоғары дәрежесін ұстанушы ретінде әлеуметтік қамсыздандыру саласында универсалды ережелерге шешімді түрде қарсы шығып отыр. Адамдардың дағды мен білімді, тұрақты жұмысты иемденуі, сонымен қатар гетеросексуалды серіктестік өз кезегінде баспана, денсаулық сақтау, балалар күтімі, қариялардың күтімі, зейнеткерлік қолдау сияқты қоғамдық игіліктер мен жақсы тұрмыстың алғышарты болып табылады.

Оқу, жұмыс, некеге тұру, ұрпақ әкелу сияқты алғышарттарға қабілетті болмаған болса, онда ол қорғалудан, игіліктен және әлеуметтік мүшеліктен шеттетіледі. Осылайша, жеке «жетістікке» қол жеткізу – лайықты мүмкіндіктердің маңызды қыры, сонымен қатар өзара тәуелді ұрпақтармен қоса нуклеарлы отбасы саясат пен басқарудың әлеуметтік-экономикалық бірлігі болып қалып отыр. Міне сондықтан, отбасылардың мойындалған жетістіктерді иемденуге инвестиция салуы ақылды ғана емес, сондай-ақ қажетті.

Екіншіден, меритократия ұлттың және ерекше нақты мәні бар мықты телеологиялық нарративінен қолдау тапты. Сингапур меритократиясы ұлттық-нәсілдік фаворитизм және кемсіту жағынан алғанда жақын көршісі Малайзияға ұқсамайды. Меритократия – рационалды, жүйелік сипатта, сонымен қатар Сингапурдың ерекше экономикалық табысының, оның ұлт ретінде ғажайып өміршеңдігінің қайнар көзі деп саналатын көрінбейтін, беймәлім құбылыс. Ұлттың прогресін баяндау, осыны өз «қолымен жасаған» сингапурлықтардың ғұмырнамаларының баянынан өз нәтижесін көреді. Пьер Бурдьенің Франциясындағы «мемлекеттік дворяндық» сияқты – «сіңірген еңбегі үшін» әлемнің ең мықты университеттерінде оқып, айта алатын және өзін тыңдата алатын лауазымдарды иелену.

Индивидтер өздерінің өмірбаяндық нарративтері тұрғысынан саяси элитаның және саясаткерлердің кеңесінен, журналистер мен жоғары оқу орындары оқытушыларының жұмыс орнынан жүйеге, мүмкін керемет жұмыс жасап тұрған жоқ, алайда жақсы жұмыс атқарады, себебі, ең бастысы олар/біз шыңдағылармен бір қатардамыз немесе оларға жақындамыз деп санайды.

Табысқа жетпегендер туралы айтылмайды, оқшауланған және олар туралы кейбір сәтсіздіктерді сипаттау бөлімінде ғана баяндалады. Маңыздысы, меритократия өзін жақсы жүйе ретінде көрсетіп отыр, өйткені оған қарсы шығатындар өз әлеуметтік позициялары мен құндылықтарын заңдастыратын жүйені сынауды тоқтады.

Меритократияның құны жоғары. Жетістік ретінде саналатын сапаға балаларының қол жеткізуіне жағдай жасай алмайтын табысы төмен ата-аналар материалдық және символдық құндылықтар үшін тым жоғары ақы төлеуге мәжбүр. Қоғамдағы теңсіздіктің тереңдей түсуі табысына сәйкес жоғарыда орналасқандардың өзін үрейлене, жоғары ақы төлеуге итермелеп отыр, себебі төмен қарай бағытталған мобилдік нақты шығындардың өсуіне алып келеді. Білім берудегі оралымсыз және қымбат тұратын көлеңкелі бизнес, жастар арасындағы депрессия мен ата-аналардың бойын билеген үрей және үй тапсырмаларын қадағалауға босқа кеткен уақыт, сонымен қатар жүйенің қисынсыз көп ойындарынан пайда болған теңсіздіктердің орнығуы – міне, қоғамды зардап шектіріп отырған шығындар осы.

Әлеуметтанушылар не істеу керек? Бізге зерттеулердің бағдарламасымен қатар іс-әрекеттер бағдарламасы қажет.

Зерттеулер алаңы көрсетіп отырғандай, білім әлеуметтануынан отбасындағы қатынастарды, әлеуметтік қамтамасыз етуді, мемлекет-қоғам қатынастарын және саясатты зерттеуді бөліп алу мүмкін емес.

Меритократияны зерттеу үшін бізге бір жағынан иррационалды көрінетін (мысалы, білімге қымбат тұратын жеке инвестициялар салу), бірақ екінші жақтың динамикасын түсінгенде (әлеуметтік қамсыздандыруға қарсы фамилистік мемлекет) мәні бар екеніне назар аударатын терең бағалауға мүмкіндік тудыратын барлық аналитикалық әдістер мен қолданыстағы құралнама қажет. Бұл мәселелерді білім беру тұрғысынан ғана емес, күн тәртібінде кеңінен қойылып отырған теңсіздіктерді және олардың саналуан түрде қайта өндірілуіне талдау қажеттігі тұрғысынан қарастыруымыз жөн.

Бұдан басқа, егер әлеуметтанулық құралдар меритократия жөніндегі ашық пікірталастарда назарға іліксе, біз үстем нарративті бұзуымыз керек. Үстем нарративтен бас тартудың алғышарты - өзіндік рефлексия. Ғалымдар меритократия және теңсіздік олар зерттеп отырған объектінің ғана мәселесі деген пікір аясынан шығып, күнделікті тәжірибелер мен дискурс арқылы теңсіздікті тұрақтандыратын өзімізге тән дағдылар мен әдістерді зор ынтамен мұқият зерттеуге дайын болғаны дұрыс.

Үстем нарративті шектеу ғылыми алаңнан қашықта орналасқан аудиториямен өзара әрекетті талап етеді. Егер, пән аясында қолымызда артықшылықтар мен маргиналдықты қайта өндіруді түсіндіретін маңызды құралдар болса, онда осы ойларды халықтың әртүрлі топтары арасына таратылатын мақалалар және әртүрлі аудиториямен келіссөздер мен пікірталастар жүргізу, сонымен біргеазаматтық қоғаммен, педагогтармен, саясаткерлермен және ата аналармен стратегиялық кездесулер көмегімен академиялық алаңнан тыс жерлерге тарату үшін жақсы жұмыс жасауымыз керек. ■

Хаттарды Юен Теоға <yyteo@ntu.edu.sg> жолдауға болады.

> Секуляризмнен кейін

Фрэнсис Хек Ги Лим, Наньян технологиялық университеті, Сингапур

Пірәдарлар муниципалитеттік пәтерде орналасқан үй ғибадатханасында құдайға сыйынуда. Суретті түсірген Фрэнсис Лим.

Көп жағдайда сингапурлық болу дегеніміз – қоғамдық та, жеке өмірде де әлеуметтік топтастырудың жолға қойылған мемлекеттік жүйесімен үнемі келіссөз жүргізу. Әрине, қазіргі заманғы ұлттық мемлекеттердің барлығы өздері қамтитын түрлі әлеуметтік және мәдени топтарды айқындауға, шектеуге және қадағалауға қатысады; бұл басқару мен заманауи мемлекет құру құралдарынан кейін. Сингапурлық болу – сәйкестенудің негізгі үш белгісімен ылғи өзараәрекетте болу. Нәсіл, тіл және дін – ұлттық аңызды жасаудың басты тақырыптары және әлеуметтік, саяси қадағалауды жүзеге асыруға ұмтылатын мемлекеттің маңызды басқару құралдары.

Әр оқушы «тілі, нәсілі және дініне қарамастан» бір ұлт болу үшін Сингапурдың күнделікті «Уәдесін» оқығанда, әр азаматтың ұлттық жеке куәлігінде «нәсілі» көрсетілуі тиіс болғанда; Азшылық құқықтары бойынша Президент жанындағы Кеңес пен Діни үйлесімділікті қолдау туралы заң (1991) сингапурлық мультикультурализм тірегі болғанда; кей христиандар шектен тыс прозелитизм орын алған бүлігі үшін сотталып, ал «өздігінен радикалданған» мұсылмандар лаңкестік әрекет жасауы мүмкін деген айыппен Ішкі қауіпсіздік туралы заңға сәйкес ұсталғанда Сингапурдағы нәсіл, дін және тіл мәселелері саяси жағынан да өзара тығыз байланыста екенін анық көруге болады.

Елдегі түрлі діни және этникалық топтар бейбіт өмір сүруі үшін секуляризмнің сингапурлық үкімет үшін маңызы зор. Этникалық сәйкестенумен және дінмен байланысты мәселелер саласындағы кез келген әлеуметтанулық зерттеу Сингапурдың көпконфессиялық қоғамы бар ресми зайырлы мемлекет екенін ескеруі қажет. Сингапурдың діни плюрализмі – негізінен шартты тарихи факторлардың нәтижесі, оның ішінде Азия және одан тыс аймақтардағы түрлі қауымдастықтар үшін тартымды болған маңызды сауда отары ретіндегі бұрынғы статусы да бар. Дегенмен, секуляризмді үгіттеу мемлекеттің ұлттық іргені қалаудан бастау алатын саналы идеологиялық жұмысы, яғни 1965 жылы Сингапурдың Малайзия Федерациясынан шығуы шарттарымен тығыз байланысты табанды әрекеттері мен көрші Малайзия және Индонезиядағы мықты ислам мәдениеттерінен ерекшеленіп тұрған ұлттық сананы қалыптастырудағы саяси көшбасшылар мен азаматтардың әрекеттері.

Зайырлы мемлекет үшін Сингапурда Мұсылман істері министрлігінің болуы таң қаларлық жәйт. 2016 жылы Ид аль-Адхада (құрбандық шалу мерекесі) министр сингапурлықтарды интеграцияға кері ықпал етуі мүмкін идеялардан бас тартуға шақырып, осы діни жағдай «Сингапурдағы діни және нәсілдік интеграция туралы ойланатын қолайлы уақыт» екенін естеріне салды. Елдегі ашық саяси пікірталаста Сингапурды зайырлы ұлттық мемлекет деп өзіндік қабылдауына қатысты да, «экстремистік» идеологияның жаһандық таралуымен байланысты әлеуметтік үйлесімділікке келтірілетін мүмкін қауіп ретінде де ислам, әдетте, «Басқа» ретінде ұсынылады.

Қуатты мемлекет халықты нақты категорияларға белсенді бөлгенде, «нәсіл» тіл және дін сияқты мәдени ерекшеліктер арқылы анықталғанда этникалық сәйкестену мен дін мәселелерін қозғайтын әлеуметтанулық зерттеулердің екі түрлі әдістің бірін таңдау тенденциясы бар. Позитивті әлеуметтанулық дәстүр аясындағы әдіс «нәсіл» мен «дінді» бір-біріне тәуелсіз айнымалылар

>>

ретінде қарастырса, екінші әдіс нақты классификацияға кері әсерін тигізетін біркелкі емес, аралас, көпқырлы сәйкестенулерді өндіретін этникалық және діни шекараларды зерттей отырып, биліктің шекараларды құруын сынайды. Осылайша, Сингапурдағы діни плюрализм саласындағы зерттеулер индуизм мен даосизм (сәйкесінше, «үнді» және «қытай» қауымдарынан) табынушыларының көбі екі діни дәстүрдің ұштасуынан шаққан Мунисваран, Туа Пек Конг, Тай Сенг, Кришна мен Хануман сынды құдайларға табынады. Осы құдайлардың кейбіреуі ортақ ғибадатханаларда орналасқан.

Секуляризмді сыни зерттеу секуляризмнің әлеуметтік үйлесімділікке ұмтылуда Сингапурдың көп нәсілділігін легитимдеуге ықпалы тиюімен қатар, саяси процесс пен саясатты анықтауда «объективті» және «рационалды» талқылауда да секуляризм рөлі ерекше екенін көрсетеді. Сингапурлық стилдегі секуляризм – кейбір коммунистік елдерде орын алған құдайға қарсы емес, керісінше, сингапурлық секуляризм адам өміріндегі дін маңыздылығын мойындап, барлық діндерге тең қатынас жасайды. Дін таңдаудағы еркіндікке конституциялық кепілдіктен басқа мемлекет әлеуметтік мұқтаждықтарды өтеудегі көмегі үшін, яғни әлеуметтік қамсыздандыру қызметтерін ұсыну мен адамгершілік және мәдени құндылықтарды насихаттауына – түрлі діни топтарға қолдау көрсетеді.

Сингапурлық секуляризм негізгі екі аспектіден құралады. Бір жағынан мемлекет діннің саясаттан тыс, әсіресе, діни ұйымдарға мүшелерін саяси билікке мобилдендіруіне рұқсат бермей, қызмет етуін талап етеді. Екінші жағынан, мемлекет Сингапур ислам кеңесі (MUIS) сияқты ресми ұйымдарға, ғибадатханаларға, мешіттерге немесе ерікті әлеуметтік қамсыздандырудың діни топтарына «кеңесші» ретінде үкімет өкілдерін бекіту жолымен діни қауымдастықтарды қадағалау мен басқаруға ұмтылады. «Кеңесшілер» қызметі орын алуы тиіс діни пікірталас тақырыбы мемлекеттік күн тәртібінің мәселелерімен үндесуін тексеруге бағытталған.

Қазіргі заман мемлекеттерінің басым бөлігіндей Сингапур да даму мен модернизация идеологиясымен қуаттандырылған территориялықтың функциялық концепциясын дамыта отырып, түрлі діни топтарға ғибадатхана бөледі. Қала-мемлекет болғандықтан, жер жеткіліксіздігін ескере отырып, билік қаланы жоспарлауда утилиттік және интервенциялық әдістерді қолданады. Жер телімдерін реттейтін сингапурлық билік діни ұйым орналасқан жерді меншігіне алған кезде, діни топтар жылжуға, жабылуға не конгрегацияларын біріктіруге мәжбүр болады. Мысалы, түрлі жерлерде орналасқан қытай ғибадатханалары «біріккен» ғибадатханаларды құру мақсатымен біріктірілген болатын. Кезінде жеке ғибадатханаларда орналасқан мехрабтар қазір бір ғимаратта орналастырылған. Соңғы уақытта үкімет түрлі діни топтар өз қызметтері үшін жалға орын ала алатын көпқабатты ғимараттар тұрғызуды ұсынып отыр.

Сингапурдағы дін зерттеушілерінің басым бөлігі дінді басқару мен реттеудің мемлекеттік стратегияларын зерттеумен айналысады, алайда түрлі діни топтардың секуляризм саясатын айналып өтудің инновациялық әдістері туралы зерттеулер жоқтың қасы. Мысалы, Теренс Чон, Дэниел Гох және Мэтью Мэтьюс кей евангелистік христиандардың саяси көшбасшыларды «жұтуы» және сексуалдылық пен отбасыға қатысты мәселелерде үкіметтің консервативті саясатына қолдау көрсетуі арқылы саясат пен саяси дискурсты қалыптастырудағы орны туралы зерттеуді жүзеге асырып жүр. Индуизмді зерттеушілер, Мунисваран жамағатын зерттеген Винита Синха жұмысын қоса алғанда, билік көзінен таса орманды жерлерде өткізілетін рәсімдерді сипаттайды. Мен жеке зерттеуімде Yiguan Dao-ның – түбі қытайлық халықаралық «құтқару діні» - тұрмыстық пәтерлердің (ресми түрде зайырлы орындар) ғибадатханаларға айналуына ықпалын қарастырдым. Сондай-ақ, христиандар өз үйлерінде «кездесу топтарын» ұйымдастырса, қытайлық медиумдар мен даолық абыздар «үй-ғибадатханаларды» ашқан.

Бұл жағдайлар Сингапурдағы дінді мемлекеттік басқарудың мүмкін шекарасын ұсынады, яғни «жеке» және «бұқаралық» діни домендері арасындағы зайырлы айырмашылық – дінді және кей діни топтардың мемлекеттің ресми құзыреттілігінен тыс қызмет ету кеңістігін толық басқару мүмкіндігіне шектеу қоюға ықпал ететін айырмашылық.■

Хаттарды Фрэнсис Хек Ги Лимге <fkglim@ntu.edu.sg> жолдауға болады.

> Жаһандану дан кейін

Даниэль П.С. Гох, Сингапурдың ұлттық университеті

Марина Бей жүзетін платформасында Ұлттық Шерудің дайындығы. Суретті түсірген Даниэль Го.

Ұлттық мұражай мен тарих оқулықтарында Сингапурдың қалыптасуы туралы екі негізгі дерек бар. Біріншісі және ерте қабылданғаны, 1965 жылы тәуелсіздік алынғаннан соң айтылған 1819 жылы Ист Индия компаниясының өкілі Стэмфорд Раффльздің аралда британ қонысының негізін салуымен байланысты. Мұнда Раффльздің Малай түбегінің мүйісінде отырып, Үнді мұхиты мен Шығыс Азия арасындағы сауда жолдарының түйіскен жеріндегі Сингапурдың орналасу орнын стратегиялық деп мойындауы туралы айтылады. Қажетті басқару және ашық иммиграция нәтижесінде қоныс малайлық балық аулау тұрағынан заманауи көпұлтты мегаполиске айналды. Екіншісі, яғни кейінірек қабылданғаны, аралдағы ең алғашқы қоныс – Темасэк туралы. Археологиялық қазбалар мен ертедегі азиялық зерттеушілер жазбаларына сүйенсек, Темасэк – он төртінші ғасырда кішірейіп бара жатқан Сривия империясының ханзадасы негізін қалаған бекініс және космополиттік сауда порты болған. Он бесінші ғасырда порт Малакка сұлтанатының қарамағына өтеді де, 1511 жылы Малакканың португалдықтардан жеңілісінен кейін қаланы тастап кетеді, осыдан соң аралдың санскриттік атауы – сингапурлық қайтарылды.

Қала іргесінің қалыптасуы туралы осы екі оқиғаның да ортақ қорытынды нүктесі – 1959 жылдан бастап Сингапурдың басқарушы партиясы, әрекет етуші Халықтық партия британ отары үшін жалпы сайлау құқығы мен өзін-өзі басқару құқығы алғаш орнағанда қаланың ерекше екенін мойындауы және оның болашағы сәтті болатынына сенуі. Екі оқиғаны байланыстыратын нәрсе – жаһандану Сингапур сәттілігінің ажырамас бөлігі ғана емес, оның өмір сүруі үшін маңызды жағдай. Жаһандану – бұл Сингапур. Осылайша, 1965 жылы Сингапур абайсызда Малайзия Федерациясынан ажыратылғаннан кейін қиялдағы ұлттық қауымдастықты қалыптастыруға мәжбүр болған кезде жас мемлекетті құруда негізгі орынға ие басқарушы партия идеологы С.Раджаратнамның 1972 жылы Сингапур туралы жаһандық қала ретінде баяндауы көрегендіктің белгісі ретінде бағаланады, себебі бүгін де Сингапурдың пайдакүнем экономикадан өндірістік экономикаға, одан кейін постиндустриялық жаһандық қалаға сәтті айналуы жоғары бағаланады. Ол – жаһанданып жатқан Азияның қаржылық және қызмет көрсету орталығы.

Бірақ Раджаратнамның Сингапурдың жаһандық қалаға айналуындағы саяси және экономикалық қажеттілігі туралы түсінігі жай ғана дәйектер болмады. Арнольд Тойнбидің сипаттамасына сәйкес, гегельден кейінгі Ағартуға бой ұрған Раджаратнам бойынша Сингапур жаһандық қала болып табылады.

Сингапур өз қалпын сақтап, тарихта тағдырын жүзеге асыруы үшін жаһандық қала күйінде дамуы қажет. Ұлт құру мен ұлттық индустрияландыру Сингапурдың жаһандық қала ретінде ұзақ дамуына қайшы әдіспен жүргізілмеуі керек. Сондықтан, экономиканы трансұлттық корпорациялар үшін тартымды ету және иммиграцияға ашық қоғамды ұстап қалу шешімі экономикалық бәсекеде аман қалудың прагматикалық императивтері ғана емес, Сингапурдың жаһандық қала сипатын сақтап қалуы еді.

1965 жылы Сингапур ұлттық университетінде модернизациялаудыкүшейтуаясындаӘлеуметтануфакультеті ашылды. Соңғы елу жылда, әсіресе алғашқы онжылдықта, кафедра антропологтары мен әлеуметтанушылары (басым бөлігі жоғары оқу орнынан кейінгі білімін Батыстың мықты университеттерінде алған) үкіметтің әлеуметтік саясатын әзірлеуге, кейде жүзеге асыруға жұмылдырылды. Олардың қатарында халықтың басым бөлігіне қоғамдық тұрғын үй құрылысына бейімделуіне көмек, этникалық және діни плюрализмді басқару, неке және туу мәселелері, сондай-ақ, бір ұрпақ ғадеті мен дүниетанымын модернизациялау бойынша үкіметтің қарқынды әлеуметтік инженерлік науқанмен байланысты мәселелер.

Сыншыл ғалымдар бұл жағдайды бүгін әлеуметтанушылардың басқарушы партия гегемондық идеологиясын және авторитарлы билігін қалыптастырудағы сыбайластығы ретінде қарастыруы мүмкін. Алайда, өткенге сын айту – айыптаудың ең оңай жолы. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары басқарушы партияның жарқын болашағы, әсіресе, егер Раджаратнам сияқты терең ойлайтын идеологтар мен ойшылдар ұсынған болашақ болса, айналасына топтастырылған егемендікке енді ғана қол жеткізген адамдардың постколониялық ұмтылыстарын кез келген сингапурлық немесе шетелдік тұрғын қолдар еді. Оның үстіне деколонияландыру кезеңінде солшылдардың жеңілуінен кейін, халықаралық коммунизммен байланыс элементтерінен жұрдай билеуші партияның социалисттік

>>

идеялар мен саясатты таңдап ассигнациялаудан кейін Сингапурдың космополиттік және әлемдік сипатына қатысты балама нарративтер мен пікірталастың болмаған дәуірі еді.

Сингапур әлеуметтануындағы маңызды өзгерістер 1990-шы жылдары орын алды. Дамудың жаңа кезеңі 1995 жылы Чуа Бэй Хуаттың Коммуна мүшесінің идеологиясы және Сингапурдағы демократияны жария етіп, басқарушы партияның басым идеологиясын бұзып, оған атау бергеннен кейін мүмкін болды. Содан кейін 1997 жылы Чуаның мемлекеттік тұрғын үй туралы еңбегі жарық көрді. Мемлекеттік тұрғын үйде бес сингапурлықтың төртеуі өмір сүріп, коммуна мүшесі идеологиясының материалданғанын көрсетті, яғни әр азамат басқарушы партия бекітіп отырған саяси-экономикалық жүйенің мүдделі жақтаушысына айналды. Бұл басқарушы партияның ұзақ билігіне шыдаған автократия болмады. Грамши ілімінің рухы, осы теория идеяларының гегемониясы адамдардың күнделікті өмірінен көрініс тапты, бір партиялық заңдылықты жүзеге асырды. Сингапурлық антропологтар мен әлеуметтанушылардың жаңа толқыны бұл жаңашылдыққа, осы диалогтағы алдыңғы төрт эссе көрсеткендей, балама нарративтер және құжатқа түсіруден зерттеудің балама әдістерін іздей отырып, жауап беруге тырысуда.

Сингапур әлеуметтануындағы бұл өзгеріс Раджаратнам сипаттаған жаһандық қаланың Саския Сассен ұсынған жаһандық қалаға өте жылдам өзгере бастаған кезеңмен тұспа-тұс келгенін ескерген маңызды. Үкімет капитал, тауар мен миграциялық ағымдар қарқынын жылдамдату мақсатында неолибералды жаһандануға кең құшақ жайып, экономиканы өзгертіп жатты. «Мен» жалғаулығымен бекітілген дихотомия орын алған жаңа лексика пайда болды. Азаматтар «космополит» пен «heartlander» болуға, әлемде еркін сезініп, мемлекеттік тұрғын үйдің «жергілікті» өмірлік әлеміне терең сіңуге шақырылды. Ел енді жаһандық қала болып табылатын халық емес, ол ұлт пен жаһандық қала деп аталады. Көпұлтты және мультикультурализм орын алған ел болу мақсатында иммиграция ағымы арттырылады. 1989 жылы Оңтүстік-шығыс Азия зерттеулері институты екі географ редакциялаған, Сингапурдың жаһандық капиталисттік жүйеге Азия жолбарысы атымен сәтті кіруін көрсеткен бірінші ұрпақтағы сингапурлық әлеуметтанушылардың мақалалары енгізілген Сәттілікті басқару: заманауи Сингапурды құрастыру бағдарын жариялады. 2010 жылы осы институт әлеуметтанушы Теренс Чон редакциялаған Сәттілікті басқару: Сингапурға қайта оралуды басып шығарды. Бұл жолы еңбек неолибералды жаһандану нәтижесінде орын алған қысымды түсінуге бағытталған мақалалармен толықтырылды.

Егер жаһандану Сингапур болса, жаһанданудан кейін сингапурлық әлеуметтану не істемек? Үш мүмкіндік бар: утопиялыққа қарсы, утопиялық және апокалипсистік. Өткенге шолу жасасақ, 2010 жылғы Сәттілікті басқарудағы өз мақаламды утопиялыққа қарсы әдіс аясында жазылған деп танимын. Мақалада иммиграция нәтижесінде орын алған көптүрлілікті басқару мақсатымен үкіметтің ескі көп нәсілдік аясында жаңа мультикультурализмді ендіру талпыныстары мен саяси қадағалауды сақтай отырып, экономикалық теңсіздіктен орын алған ұлтаралық шиеленісті шешуге ұмтылысы қарастырылған. Неолибералды жаһанданудың шиеленіскен қарым-қатынасы модернизация қарама-қайшылығымен қоса қатпарлану мәселесін шешудің, оларды басқару үшін мықты үкіметке тәуелді болуынан басқа, еш әдісі жоқ. Бұл плюралист қоғамдағы ынтымақтастық мәселесінен бастап әлеуметтік интеграция мен реттеудің мемлекетке тәуелді болу пессимизміне дейін дюркгеймдік құрылыммен ұштасып жатқаны анық. Мұның мәні мынада - сингапурлық әлеуметтануда кең тараған балама әдістер мен нарративтерді іздеу пайдалы, себебі мемлекет балама әдістер мен нарративтерді мәдени репертуарына ендіре отырып, моралдық қолдауын қайта жүзеге асыруы тиіс.

Екінші мүмкіндік – утопиялық, және оны осындағы эсседен табамыз. Бұл әдіс Томас Мор рухындағы демократия мен теңсіздік орын алған, халқы тығыз орналасқан аралдағы мінсіз республиканың әлеуметтік, саяси және діни дәстүрлерін іздейтін Утопияға сәйкес. Негізгі ден үкіметке барынша тәуелсіз болуға және мемлекетке қатысты ұлғаятын тұлғаның жеке автономиясы мен өзін-өзі жетілдіруі үшін кеңістікке үміттенуге қойылады. Адамдар экономикалық тұрғыдан шығармашыл, әлеуметтік саналы және саяси мүдделі. Кей антропологтар мен әлеуметтанушылар үшін Сингапурдағы осы үміт орындарын табу және талдау неолибералдық жаһандану көмегімен жүзеге асырылады. Осындай балама жәйттер университет қабырғасындағы студенттерді шабыттандырып, олар, өз кезегінде, әлемді өзгертуге ұмтылатына сенім бар. Кейбіреуі қарапайым адамдар белсенділігінен ары қарай жылжиды, кейбірі өмірлік әлемнің жағдайларын өзгертетін ерекше адамға айналады. Дегенмен, осы шығарылымдағы Юен Тео мақаласы басқаларды ұсынылған баламаларды кең аудиторияға жария ету үшін саналы академиялық белсенділікке шақырады, яғни әлеуметтанушы өзгерістер агентіне айналады.

Утопиялық әдіс өз саясатында оппозициялық та емес, радикалды да емес. Дегенмен, олардың идеологиялық басымдығына қызғанышпен қарайтын басқарушы элитаның misrecognized болуы әбден ықтимал. Утопиялық әдістің Раджаратнам сипаттап кеткен жаһандық қаламен ұқсастығы көп. Ол 1972 жылы сөйлеген сөзінде «жаһандық қаланы әуелден пайғамбарлар мен көріпкелдер түсінде көрген аспан қаласына айналдыру үшін адамдарды интеллектуалды және рухани жабдықтауда» корреспонденттерді аудиторияға жеткізулеріне шақырды (The Straits Times, 7 ақпан 1972). Утопиялық әдіс Әулие Августиннен бастау алады.

Соңғы мүмкіндік – апокалипсистік әдіс. Бұл консервативті Сингапурда саяси тұрғыдан мүмкін емес, бірақ осы әдіс шеңберінде еңбек етсеңіз, қандай мәселелерді көтеретініңізді тек интеллектуалдық емес, саяси жағынан да ойлыстыру қажет. Егер жаһандану Сингапур болса, жаһандану кері жүргенде, яғни әлемдік жүйе де-жаһандануды бастағанда не болмақ? Мұндай жағдай 1920-шы және 1930-шы жылдары орын алған. Бұл кезеңде солшыл және этноұлттық саяси мобилизация екінші дүниежүзілік соғыстан кейін британдық Малайяда деколониялықтың ушыққан шиеленістерінің саяси негізін қалаған заман еді. Шиеленістер жарты ғасыр бұрын ойға да келмеген үш ұлттық құрылымды құрды: алдымен Малайя Федерациясы, содан кейін Малайзия Федерациясы және соңында Сингапур Республикасы. Бұл құрылымдар жергілікті қоғамды алдыңғы ұрпақ мүмкін деп санамаған нәрселерге айналдырды. Бүгінгі күні қандай болашақ қиялға сыйымсыз? Жаһанданудан кейін, жаһандық қала болудан қалғаннан кейін Сингапурмен не болмақ? ■

Хаттарды Фрэнсис Даниэль П.С. Гохқа <dsong@nus.edu.sg> жолдауға болады.

> Либералды емес болашаққа

гендерлік пен жаһандануға қарсы

Агнешка Граф, Варшава университеті, Польша және **Элжбиета Королчук**, Содертеорн университеті, Швеция, ХӘҚ Әйелдер мен қоғамды (RC32), Әлеуметтік таптар мен әлеуметтік қозғалысты (RC47) зерттеу комитеттерінің мүшесі

Гендерге қарсы митингтегі жазу, 2015 жылғы 30 тамыз. Суретті түсірген Элжбиета Королчук.

Жаһандық саясатта жыныс мәселесі маңызды. АҚШ-тағы сайлаудан кейін анық білетініміз: қыз-келіншектерге қарсы Трампты бұқараның жақсы көруі – мәселенің бір бөлігі ғана. АҚШ-тағы және басқа елдердегі популизм тек экономикалық тұрақсыздық пен қорқудан емес, гендерлік қарым-қатынас, (гомо) сексуалдық және репродукция аясындағы мазасызданудан да қуат алады. Бір елден басқа елге қарай «гендер» немесе «гендерлік» терминдерін, яғни гендерлік теңдік саясаты, жыныстық тәрбие, ЛГБТК және репродукциялық құқықты консерваторлардың (әсіресе, католиктер) сынауы ерлер мен әйелдердің мобилденуіне ықпал етіп, популистік көшбасшыларға жол ашты. Феминизм мен гендерлік теңдік саясатына оппозиция бұрыннан болғанымен, қазіргі таңда оның артуы алдыңғы неоконсерваторлық парадигмадан ауытқуды көрсетеді, яғни әлеуметтік консерватизм енді

>>

жаһандық капиталға өшпенділік қатынаста.

Польшада 2015 жылы оңшыл «Құқық және әділеттілік» партиясының жеңіске жеткен сайлау алдында консерваторлық БАҚ пен діни дискуссияда «гендерлікке» қарсы науқан орын алды. 2012 жылдан бері Польша католик шіркеу мен консерваторлық топтар гендерлік теңдік пен заңнаманың (мысалы, әйелдерге қатысты және тұрмыстық зорлық-зомбылықты тоқтату және онымен күрес бойынша Стамбул конвенциясы) қабылдануымен күресе және сексуалдық пен репродукциялық құқықтарды шектей отырып, бағдарламалық құжаттар мен қоғамдық пікірталаста «гендер» терминін қолдануға қарсы шығып, көп бастамаларды ұсынды. Науқан католиктік діни көшбасшыларды, консерватор саясаткерлерді, оңшыл ой орталықтарын және сайлауға қарсы топтарды біріктірді. Басқа топтар, мысалы, білім беру реформасына қарсы шығу үшін шамамен 2009 жылы пайда болған Ratujmy Maluchy! (Азды Сақта!) Ата-аналардың бұқаралық қозғалысы отбасындағы зорлық-зомбылыққа қарсы күресу үшін әзірленген шаралар отбасындағы ата-ана билігін жоққа шығаруы мүмкін деген негізбен Стамбул конвенциясына қарсы күреске қосылды. Қоғамдық ұйымдар мен желілер көп адамның, әсіресе «гомосексуалды лобби»-мен және сексуалдық тәрбиемен байланысты балаларына қауіп төнуі мүмкін деп уайымдаған мүдделі ата-аналардың мобилденуіне ықпал етті. Гендерлікке қарсылар балалар мен отбасын, поляк мәдени және діни құндылықтарын либералды саясаткерлер мен жемқор Батыс қолдау көрсететін феминистерден, ЛГБТК және құқық қорғаушылардың қорғағанын мәлімдеді. Осы гендерлікке қарсы дискурста сол кездегі билеуші партия – консервативті-либералды Азаматтық платформа аса солшыл ретінде көрсетіліп, Еуропалық Одақ сияқты шетелдік институттар баға ұсынған жағдайда «дәстүрлі» отбасы мен поляк ұлтын жоюға ұмтылатыны туралы айыпталды.

Бұл консерваторлық шабуылда «жыныс» жыныстық әртүрлілікті талқылау үшін қолданылатын немесе еркектік пен әйелдікті қалыптастыруды талқылайтын жарлық емес. «Жыныс» сексуалды революциядан және/немесе гендерлік теңдікті сақтаудың коммунистік стилінен бастау алатын дәйекті халықаралық астыртын әрекет. БҰҰ сияқты ұлтаралық ұйымдар мен жаһандық капитал тарапынан қолдау тапқан «гендершілер» жасанды түсік жасатудың дамуына, моральдық құлдырау мен бұрмалаушылыққа, сондай-ақ қауымдастықтар мен дәстүрлі отбасыларды бұзатын индивидуалдылыққа бағытталған-мыс. Осы қозғалыс мақсаттарының бірі – күнәсіз балалардың жынысын ауыстыру; «гендер» ұғымы жыныстық әртүрліліктің жойылуымен, әлемнің кей бөліктерінде халықтың азаюына алып келетін адам сексуалдылығы саласындағы хаоспен дәйекті байланыста.

Гендерлікке қарсылық тек поляктық ерекшелік емес. Мұндай дискурсты басқа жерде де кездестіруге болады. Заманауи Ресейде гомосексуалдылық пен гендерлік теңдік қамқорлары жергілікті дәстүрлі құндылықтарға қауіп төндіріп, қоғамның Путин режимін қолдауы күшейді; Францияда бір жынысты некеге қарсы бұқаралық мобилизация Ұлттық майданды халық арасында әйгілі етті. АҚШ-та Дональд Трамптың әйелдерге ашық қарсылығы оның жеңісіне кедергі бола алмады және сайлаушылар елдің бірінші әйел президентін сайлауға дайын болып көрінбеді (ақ нәсілді американдық әйелдердің 53% Трамп үшін дауыс берген). Оңшыл популизмнің артуы мен гендерлікке қарсылықтың арасындағы байланыс қандай? Екі идеология да гендерлік қарым-қатынасқа әлеуметтік тұрғыдан консерваторлық көзқарас ұстанып қана қоймай, халықтың экономикалық және әлеуметтік себептерге байланысты азаюына жауапты ретінде либералды элиталарды жоспарлауда да ортақ пікір танытады.

Талдауымызды Еуропада өткен соңғы гендерлікке қарсы науқандарға жауап беретін бірнеше ортақ жобаларға қатысу және Польшадағы гендерлікке қарсы науқанға бағытталған бірнеше бастамаларға қатысуды қамтитын белсенділер тәжірибесі арқылы дамыттық. Біз өте көп мәтінге талдау жасадық: гендерлік мәселесімен күресте негізгі тұлғалар жазған кітаптар мен мақалалар; гендерлікке қарсылықты жақтаушылардың сұқбаттары мен көпшілік алдындағы мәлімдеулері (екі Рим Папасы, жергілікті католиктік көшбасшылар және интеллектуалдар); БАҚ-та гендерлікке қарсы оқиғаларды жариялау; www.stopgender.pl поляк желісі және www.citizengo.org немесе www.lifesitenews.com халықаралық платформалары сияқты қозғалыстар мен ұйымдардың веб-сайттарында жарияланған түрлі материалдар.

Барлық «гендерлікке қарсы» мәтіндер қауіпті және ықпалды ретінде сипатталатын феминистерді қосқанда либералды элиталардан сезілетін аса жоғары қауіп сезімін көрсетеді. Гендерлік теңдік пен гомосексуалдық құқығына қарсылар, керісінше, еңбекқор және отбасыларына адал ретінде суреттелетін қарапайым адамдар өкілдері екендерін алға тартады. Құрбан болу сезімінің мәдени де, экономикалық та аспектілері бар екенін ескеру қажет: «гендершілер» – жақсы қаржыландырылатын және жаһандық элитамен байланысы мықтылар; ал қарапайым адамдар – жаһандану құнының төлемі. Осы мәдени және экономикалық өзарабайланысқан динамика гендерлікпен күрестің дәйекті дискурстық стратегиясында айқын көрініс тапқан: антиколониялық құрылымның консерваторлық нұсқасын қолдану. Гендерлік колонизацияға және салыстырмалы түрде жиырмасыншы ғасыр тоталитаризмдеріне, жаһандық лаңкестікке теңестірілген шетелдік кірігу ретінде қарастырылады. Бұл дәйек Батыстың нақты тарихи колониялық доминанттылығы туралы пікірталастардан алынып тасталғанымен, Польша сияқты айқын колониялық тарихы жоқ елдерде де жиі қолданылады. Барлық популистік сөздердегідей

>>

бұл риторика қарапайым адамдарды қанайтын және адамдарды жергілікті, нағыз және әскери дайындыққа келтірілген деп ұсынатын жемқор халықаралық элитаға қарсы.

Гендерлікке қарсы дискурстың жарқын мысалы ретінде Польшаның сол кездегі Әділет министрі болған Ярослав Говинді келтіруге болады. Ол 2012 жылы Стамбул конвенциясын ратификациялауға түбегейлі қарсы болды. Оның айтуынша, Конвенция – гендерлік идеологияның тасымалдаушысы, дәстүрлі отбасы мен жергілікті мәдени құндылықтарды жоюға бағытталған жасырын күн тәртібіндегі идеологиялық Трояндық ат. Дәл осылай, 2016 жылдың қаңтарында Папа Франциск діни сенушілерге бай Батыс елдері қауіпті мәжбүрлі таңатын, тек идеологиялық емес, экономикалық отарлау түрі ретінде «гендерлік идеологияға» қарсы ескерту жасады. Папа сөзіне сенсек, шетелдік көмек пен білім беру әдетте гендерлік теңдік саясатымен байланысты, бірақ «жақсы және мықты отбасылар» бұл қауіпті жеңе алады.

Католик шіркеуінің көшбасшылары, оңшыл фундаменталистер мен гендерлікке қарсы қозғалыс сарапшылары «гендерлікті» сипаттауда идеологиялық отарлауды халықаралық мекемелер мен корпорациялардағы билікпен сипатталатын экономикалық қуаттылықпен байланыстырады. Польша белсенділерінің басым бөлігі Еуропалық Одаққа меңзегенімен, ЖҚТБ, туберкулез бен малярияға қарсы күрес жөніндегі Жаһандық қор, ДДСҰ, БҰҰ, ЮНИСЕФ және Дүниежүзілік банк сияқты басқа да халықаралық ұйымдар, қорлар мен қауымдастықтар да осы бағытқа бағдарланған. Поляк контексінде гендерлікке қарсылар 1990-шы жылдары Батыс донорлары негізін қаланған азаматтық қоғам құрылымдарына, әсіресе гомофобияға қарсы науқан (КРН) сияқты ЛГБТК құқық қорғау топтарына мақсатталған. Бұл топтар шетелдік жемқорланған элита агенттері ретінде сипатталады. Маңызды еуропалық гендерлікке қарсы билік ретінде Габриэль Кюби Католик әлемдік есебіне қатысты сұқбатында:

Қазіргі таңда жаһандық сексуалды революцияны билеуші элиталар жүзеге асыруда. Олардың қатарында құрамдас ұйымдары өте көп Біріккен Ұлттар Ұйымы және Еуропалық Одақ сияқты халықаралық ұйымдар; Amazon, Google және Microsoft сияқты жаһандық корпорациялар; Рокфеллер және Гуггенхайм сияқты ірі қорлар; Билл мен Мелинда Гейтс, Тед Тернер, Жорж Сорос және Уоррен Баффетт сияқты өте бай адамдарды; Отбасын жоспарлаудың халықаралық федерациясы мен Лесбийлер мен гомосексуалдардың халықаралық қауымдастығы сияқты үкіметтік емес ұйымдар да бар.

«Жергілікті» және «нағыз» құндылықтарға қойылатын талапқа қарамастан гендерлікке қарсы қозғалыс Отбасылардың әлемдік конгресі сияқты ұйымдарды қамтитын халықаралық желінің нығаюы мен CitizenGO сияқты платформалардың мобилденуінен күшейеді. Мысалы, Польшаның Ordo Iuris институты Еуропаның бүкіл әлемдік жастар альянсымен, Американдық католик отбасы және адам құқықтары институтымен, Брюссельде орналасқан Абыройды Еуропалық қорғау ұйымымен және әлемде сайлауға қарсы ескі ұйымдардың бірі – Болашақ балаларды қорғау британдық қоғамымен тығыз серіктестік қарым-қатынас орнатқан. Осындай халықаралық байланыстарына қарамастан гендерлікке қарсылар, әдетте, жақтаушыларын мобилдендіру үшін жәбірленуші көпшілік ретінде қарапайым адамдардың абыройы мен сәйкестенуіне сілтеме жасап, олардың отбасы мен балаларының болашағына қатысты заңмен бекітілген кедергілерді сәтті қолданатын элитаға қарсы дискурсты қолданады.

Консерваторлық акторлар неолибералды идеология мен саясат туғызған үрей сезімі мен экономикалық тұрақсыздықтың артуын тежей алды. Бұл сезімдер Польшада адамгершіліктен азғындаған «Еуроэнтузиастар»-мен (аса оңшыл ұрандардың бірі – Еуроэнтузиастар – педофилдер мен педерастар!) сипатталатын немесе АҚШ-та «қисық Хиллари» сілтемесі ұсынатын декадентті элиталарға қарсы ашуға бағытталған. Гендерлікке қарсылықтың жаңа толқыны 1970-ші жылдардың соңынан бастап гендерлік теңдік саясаты мен дискурсы оппозиция құрылғанын, сондай-ақ либералды емес популизм мен жергілікті ұлтшылдықтың халықаралық қайта жандануын да көрсетеді. «Нағыз» жергілікті құндылықтар мен қарапайым адамдарды шетелдік жаһандық күштерден және бай жемқор элитадан қорғайтын қозғалыс ретінде «жынысты» бағынбайтын индивидуалдық пен мәдени және экономикалық қанауға теңестіретін осы стратегия либералды емес популизмнің саяси жетістігіне жол ашады. Гендерлікке қарсы неолибералды жаһандануға қарсы тұрудың жаңа консерваторлық тіліне айналды. ■

Хаттарды Элжбиета Королчук <bekorol@gmail.com> пен Агнешка Графқа <abgraff@go2.pl> жолдауға болады.

> Польшадағы репродукциялық құқықты қорғау

Джулия Кубица, Варшава университеті, Польша

Варшавада поляк әйелдері жасанды түсік туралы жаңа заңға қарсылық көрсетуде, 2016 жылғы 3 қазан. Суретті түсірген Элжбета Королчук

2016 жылдың күзінде Польшада жасанды түсікті қылмыс түріне жатқызуға қарсы әйелдер қозғалысының жаңа толқыны басталды. Поляк феминистері 1993 жылы күшіне енген Польшаның жасанды түсікке тыйым салу туралы заңына қарсы күресті бастады. Польшаның жасанды түсік туралы заңы Еуро одақтағы ең қатал заңдардың бірі саналады, себебі түсік жасауға бірнеше жағдайда ғана рұқсат беріледі: әйелдің денсаулығына қауіп төнгенде немесе зорланғаны дәлелденсе, эмбриондық генетикалық бұрмалау болған жағдайда.

Поляк белсенділері атап көрсеткендей, құқықтық шектеу ел ішінде заңсыз түсік жасау желілерінің пайда болуын тудырды, дегенмен 2016 жылға дейін бұл мәселені шешу ашық деңгейде қала берді. 2015 жылғы Польшадағы парламенттік сайлаудан кейін көп дауыс жинаған Құқық және әділет партиясының жаңа заңды ұсынуы уақытты талап етеді, бірақ бұл репродукциялық құқыққа қарсы жаңа шектеулердің пайда болуына әсер етпеуі тиіс. 2016 жылдың басында үкімет мүшелері, соның ішінде премьер-министр Беата Шидло бастаған билік түсік жасатуға қарсы екендіктерін білдіріп, мәлімдеме жасады. Содан кейін дәстүрлі көзқарастағы ҮЕҰ (үкіметтік емес ұйымдар), Шіркеу қауымдастығы гинекологтар мен түсік жасататын әйелдерді түрме арқылы жазалау үшін қол жинай бастады, сонымен қатар олар биліктен тергеудің жүргізілуін қамтамасыз етуді талап етті. Басты мақсаты - түсік жасатуға медициналық себептің болғандығын заңды түрде анықтау.

Ordo Iuris мәселеге араласып, жаңадан белсенділердің екі бағытының пайда болуына әсер етті: олар жақында құрылған Қыздар қыздар жағында ұйымының бастамасымен өткен демонстрациялар мен пикеттерді ұйымдастырғандар - социал-демократиялық феминистер тобынан құрылған Әйелдерді қорғау қоғамдық ұйымы. Олардың күн тәртібінде әйелдерге заң тұрғысынан

>>

көмектесу және Польшадағы жасанды түсікке қарсы заңды либерализациялау тұр.

2016 жылдың екінші жартысында Ordo Iuris өз көзқарасын қолдайтын 500,000 аса қол жинағандығын мәлімдесе, Әйелдерді қорғау өз жақтастарының саны 250,000 деп көрсетті. Жасанды түсікке қатысты екі түрлі көзқарас та парламентте көтерілді. Дәстүрлі ойдағы католиктік ұйымдар ескі ұстанымдарын жаңартып, бұл мәселеге қатысты жаңа ойларын айтқанымен билік тарапынан бұл сұрақты қарастыру кейінге қалдырылып отырды, себебі 1992 жылы 1,2 миллион азамат аборт туралы заңды либерализациялау туралы петицияға қол қойғанда билік бұл сұрақты талқылауға тыйым салған еді.

Осы жолы парламент Әйелдерді қорғау ұйымының жобасын кейінге қалдырып, жасанды түсік туралы заңды криминализациялауды қоғаммен талқылауды бастады, бірақ биліктің бұл шешіміне Әйелдерді қорғау мен солшыл партия Razem белсенділерінің жаңа демонстрациясының басталуына себеп болды:олар өз жақтастарына қара киімге кигізіп, әлеуметтік желілерде фотосуреттерді салып, баршаға ортақ #blackprotest хэштегін пайдалануға шақырды. Польшаның беделді әртісі Исландияда өткен 1975 жылғы әйелдердің демонстарциясының үлгісін пайдаланып, шеруге шығу керектігін ұсынды және бұл ойды әлеуметтік желілердің пайдаланушылары қолдап, 3 қазанды (2016) жалпыполяктік әйелдердің қара қозғалысын өткізуді ұйымдастырды. Бұл қозғалысты нақты бір қоғамдық қор ұйымдастырған жоқ, бірақ осы идеяны жақтағандардың қатарында феминистік ұйымдардың және саяси партиялардың белсенділері өз уақыты мен ресурсын ұсынып жатты. Шеруді өткізудің аясында жеке меншік жұмыс берушілер мен жергілікті билік органдары әйелдер қозғалысына қолдау білдіріп, 3 қазанда демалыс жариялады. Университеттегі бірқатар факультеттерде дәрістер тоқтатылды.

Шеруді өткізудің заңды мәртебесі сияқты кедергілерге қарамастан, қозғалыс қоғамның мобилизацияланып, маңызды мәселелерді шешуде зор табысқа алып келді. Ел астанасы мен ірі қалаларында өтетін шерулерге қарағанда Әйелдер қозғалысы бүкіл елде қолдау тапты. Кейбір ер азаматтардың қолдауымен әйелдер мен қыздар елдегі 142 қала мен ауылдарда қозғалыс ұйымдастырды, қара киінгендердің жалпы саны 150,000 жетті. Әйелдердің негізгі құқықтарын қорғау, олардың репродукциялық таңдауы мен әйел абыройы сияқты негізгі ұрандар жасанды түсік жасауға толы тыйым салуға жол бермес еді. Шеру өткен күні жаңбыр ұзақ жауғандықтан, қатысушылардың көпшілігі қолшатырмен тұрған еді, кейіннен бұл қозғалысты ерекшелейтін жаңа символға айналды.

Қарсылықтардың күші мен ауқымы билік партиясы мен католиктік шіркеу басшылығына күтпеген жағдай туғызды. Алғашқы қарсылыққа жауаптар мынадай болды: католиктік епископ «зорлау кезінде әйелдер жүкті болмау керектігін» айтса, популист-саясаткер әйелдердің жыныстық гетерогенді болатындығын және олардың бұл әрекеті бақылауға алынуы тиіс деді, ал, сыртқы істер министрі әйелдердің жауапкершілігі төмен деп баға берді. Дегенмен, шеру аяқталғаннан кейін үш күнде парламент жасанды түсікке мүлдем тыйым салатын заң жобасын кері қайтарды, бұл – жақында билікке келген партияның алғашқы жеңілісі еді.

Үкімет алғашқы қарқынын бәсеңдетіп, мәселені талқылауда бейтараптық позицияға көшті. Премьер-министр өз сөзінде әйел үшін «қиын жүктілік» деп - айықпас дертке ұшыраған ананың босануы мен жыныстық денсаулық мәселелері анықталған кезеңді айтты, бірақ бұл үшін әйелдер баласын босанғанға дейін 1000 еуро жәрдемақы алатынын түсіндірді. Әйелдер дұрыс және нақты шешім қабылдау үшін жәрдемақы төлеу қолға алынды, бірақ осы жағдай қатты сынға алынды.

Польша әйелдері атты ұйымға біріккен көптеген белсенділер қара шеруді өткізуді жалғастыру керек деп шешті, бұл үкіметтің әлі де қысымда болатындығын білдірді. Белсенділер екі апта бұрын жаңа, бірақ ауқымы шағын қозғалыс ұйымдастырып, 11 пунктен тұратын талаптарын жария етті. Онда әйел абыройы мен еркіндігін қамтамасыз етуге мүмкіндік жасау, сексуалды агрессияны жою, қоғамның милитаризациялануы мен отбасындағы зорлық-зомбылыққа қарсы әрекеттерді күшейту және әйелдерді әлеуметтік саясатқа бейім болуға шақырды. Қара шеру екі атақты тұлғаның өз жасанды түсігі туралы сырын қоғамға жария етіп, қоғамдық талқылаудағы шектеулере қарсы шығуға мүмкіндік берді. Қара шеруді поляктардың 58% қолдап, қоғам тарапынан мойындалды. Бұл жағдай халықаралық қолдау тапты. Аргентина, Исландия, Оңтүстік Кореяда осындай қозғалыстардың қалыптасуына себеп болды. Әйелдерді қорғаудан Барбара Новацка және Razem партиясынан Агнешка Дзейманович-Бак танымал Foreign Policy журналының сыртқы саясат бойынша берілетін 2016 жылғы Жаһандық ойшыл сыйлығын Әйелдердің Қара Қозғалысын ұйымдастырғаны үшін алды.

Мүгедек болып туған балаларға көмек көрсету мәселесі, жасанды түсік жасауға қарсы Польша үкіметі екі сала бойынша қаржыландырудың жоқ болуына қарамастан шеруден кейін өзінің жұмсақ саясатын жалғастыра берді. Бірақ, қазан айында басталған жалпыұлттық шерудің белсенділігі төмендеген жоқ: жақында Денсаулық сақтау министрлігі босанған кездегі күтім мен туу кезіндегі көмек көрсету стандартын төмендеткендіктен және «Құқық және әділет» билік партиясы Еуропа Кеңесінің әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бойынша Стамбул кеңесінің шешімін орындаудан бас тартуы Польшадағы бүкіл әйелдердің жаңа толқынға бірігіп, «қайтадан қолшатырмен» көшеге шығуына бастама болды.

Хаттарды Джулия Кубицаға <juliakubisa@gmail.com> жолдауға болады.

> ХӘҚ жас әлеуметтанушыларының желісі

Олег Комлик, Бен-Гурион университеті, Израиль, Жас әлеуметтанушылар желісі

Арбудың иллюстрациясы.

Әлеуметтанушылардың халықаралық қауымдастығы жас әлеуметтанушылар желісі өзінің барлық тақырыптық қызығушылықтары мен ғылыми тәсілдерін әлеуметтану мен аралық пәндерге таныткан, ғылым жолын қуған студенттердің басын біріктіріп отыр. Бұл эсседе Жас әлеуметтанушылар желісінің міндеттері мен ағымдағы қызметтерін әзірлеу барысында, осы халықаралық бірегей қоғамдастық өз мүшелерінің кәсіби жолын дамытуда және кең мағынада әлеуметтану пәнінің мәртебесін көрсеткім келеді.

2006 жылдан бастап, ХӘҚ президенттері және Атқарушы Комитеттің қолдауымен жас әлеуметтанушылар желісі тәжірибе жинақтаған, ХӘҚ PhD студенттерге арналған Лабораториясында, ХӘҚ жас әлеуметтанушылар арасында конкурс және әлеуметтанушылар конгресін ұйымдастырды. Біздің қоғамдастықтың мүшелері жергілікті жерде шоғырланған және шашырай орналасқанына қарамастан жаһандық тұрғыда байланысты, бұл – күрделі болғанымен, қуанарлық жәйт. Осы әлеуетті түсіне отырып, ХӘҚ негізгі миссиясы – осы ойды жүзеге асыру. ХӘҚ-ның негізгі мақсаты – жас әлеуметтанушыларды ақпаратпен алмасуға қолайлы және пайдалы алаңмен қамтамасыз ету. Одан бөлек, алдағы уақытта әлеуметтанулық білімді қолдана отырып, жеке мансап құруда өз идеясымен бөлісуді, қарым-қатынас орнатуды үйретеді.

Соңғы екі жарым жылда жас әлеуметтанушылар желісінде біраз ілгері даму байқалуда. Жас әлеуметтанушылар желісі туралы ақпаратты ғаламшардың оңтүстігінде кең көлемде тарату барысында, осы желіге мүше болғысы келетін

>>

адамдардың саны айтарлықтай өсті. Соның арқасында әлеуметтанушылар желісі 2500 магистр дәрежесіндегі, PhD студенттерді, аға және кіші оқытушыларды қамтыды. Алайда, қатысушылардың біраз бөлігі ғалым, дәрігер, белсенділер болғандықтан, әлеуметтануды өз жұмысының өзегі ретінде көретін адамдарды да қабылдаймыз.

Жас әлеуметтанушылар желісінің қызметі қосымша төрт бағытқа негізделеді. Ең алдымен, жас әлеуметтанушылар желісін қолданушылар тізімі - жас әлеуметтанушылар үшін танымал ақпарат дереккөзі. Әрбір екі апта сайын, пайдалы ақпараттық бюллетендер, өте қызықты жаңалықтар, post-doc позициялар, атаулы гранттар, бос орындар және әлеуметтану мен академиялық өмір туралы мақалалар шығарады.

Екіншіден, ХӘҚ Диссертациялық мәтіндер жас әлеуметтанушылар үшін ашық дерекқор көзі және бұл жерде зерттеушілер өзінің докторлық рефераттарын, жеке өмірбаянымен қатар байланыс деректерін қалдыра алады. Осы дерекқордың көмегімен бүгінде 650 реферат сақталған. Қатысушыларға өзіне бейтаныс тақырыптарды зерттеуге мүмкіндік бере отырып, бұл алаң зерттеушілер арасындағы ынтымақтастықты қалыптастыруға септігін тигізеді. Одан бөлек, баспа осы дерекқорды қарай отырып, рефераттарды ұсынған адамдармен байланыс жасауда.

Үшіншіден,екі жарым жыл бұрын жас әлеуметтанушылар желісі Фейсбук пен Твиттерде өз парақшасын ашқаннан бері мыңдаған қызығушылар мен қонақтар онлайн-хабарландыруларды, диссертациялардың авторефераттары мен қызықты сілтемелерді қарау және орналастыру арқылы әлеуметтік желінің сан салалы және айналысқа түсу тиімділігінің артықшылықтарына қол жеткізе алды.

Тағы да айта кететін маңызды нәрселердің бірі – Жас әлеуметтанушылар желісі саналуан елдер мен аймақтардан келген, әлеуметтанушылардың басын біріктіретін, жыл сайын өтетін Славян әлеуметтік ғылымдар конференциясы мен өзге де ғылыми кездесулерді қаржыландыратын дәстүрінің болуы.

Жас әлеуметтанушылар желісінің басшылығына, Долорес Модик пен Б. Валикке олардың қосқан үлестері мен ХӘҚ хатшылығына үнемі қолдау көрстеткені үшін алғысымды білдіремін. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Жас әлеуметтанушылар желісі жаңа ұсыныстарға әрқашан дайын және кез келген көрсетілген көмек ерекше бағаланатынын айтқым келеді.

ХӘҚ маңызды жобалары мен оның ғылыми-зерттеу комитеттерімен бірге жас әлеуметтанушылар әлеуметтік-саяси морфологияның шырмауығын толық түсінуге мүмкіндік беретін желісі әлеуметтанушылардың жаһандық қоғамдастығын құруға септігін тигізеді. Жас әлеуметтанушылар ретінде, мына күрделі неолиберал және нарықтанған нақтылық заманында, әлеуметтануды өміріміздің бөлінбес бөлшегі және оған қажетті алғышарттардың бірі екендігін өзіміздің борышымыз деп білеміз. Осы баршамызға ортақ сапар аясында, қасымыздағы әріптестеріміздің қолдауымен және зиялылардың шырағын ала отырып, даму жолында боламыз. ■

Хаттарды Олег Комликке <komlik@gmail.com> жолдауға болады.

> Жаһандық Диалогты индонезиялық тілге аудару

Каманто Сунарто, Индонезия Университеті, Депок, Индонезия

2015 жылдың сәуірінде бірнеше индонезиялық әлеуметтанушылардың бірігуімен редакциялық топ құрылды. 2015 жылдың қыркүйегінде Жаһандық Диалогтың бесінші басылымының үшінші шығарылымы индонезиялық тілге аударылған бірінші журнал болды және индонезиялық тіл осы уақытқа дейін аударылған он алтыншы тіл.

Редакциялық топтың құрамына 4 қалада орналасқан 5 университеттен тағайындалған тоғыз әлеуметтанушы кірді. Бұл университеттердің қатарына Депок қаласындағы Индонезия университеті, Гаджа Мада университеті, Джокьярта қаласындағы Санатана Дхарма университеті, Богор қаласындағы ауылшаруашылық университеті, Купанг қаласындағы Нуса Гендана университеті бар. Топтың төрт мүшесі Аустралиялық Ұлттық университет, Париждегі әлеуметтік ғылымдардың Жоғары мектебі, Амстердам университеті мен Лейден университеттерінің докторанттары.

Топтың үш мүшесі аударылған мақалаларды рецензиялауға жауапты редакциялық алқаның құрамында. Сонымен бірге, алқаның мүшелері басқа аудармашылардың саны шекті болған жағдайда мақалаларды аударуға қатысып, бірін-бірінің жұмысына баға береді. Оның үстіне, алқаның бір мүшесі бас редактордың қызметін атқарады, екіншісі алқа мүшелерін топтың басқа мүшелерімен байланыстырушы қызметін атқарады, үшінші мүшесі топты GD қызметкерлерімен байланыстырушы жұмысын атқарады. Колледж түлектері топқа аударма, дизайнерлік және GD журналын жасау жұмыстары бойынша көмектеседі.

Осыдан бір ай бұрын Халықаралық әлеуметтанушылар қауымдастығы жариялаған GD журналында редакциялық команда топтың әрбір мүшесін олардың қолжетімділіге қарай GD-тың бір немесе екі мақаласын аударуға шақырған болатын. Өйткені топтың құрамына кіретін университеттердің арақашықтығы 65-тен 2770 км-ге дейін ұзақ, осыған байланысты университеттердің арасындағы коммуникация электронды пошта және басқа да әлеуметтік желілер арқылы жүзеге асады.

> **"көптеген негізгі ұғымдардың ресми аудармасы әлі жоқ"**

GD6.3-те сипатталған бойынша индонезиялық команданың алдында тұрған міндеттер румын редакциялық командасының міндеттерімен азды–көпті бірдей. Ағылшын мен индонезиялық тілдегі негізгі құрылымдық айырмашылықтардан басқа, әлеуметтік ғылымдарға тән негізгі ұғымдардың да айырмашылығы бар. Бұл ұғымдардың ресми аудармалары болмағандықтан, көптеген ғалымдар негізгі ұғымдарды ағылшын тілінде қалдыруды жөн көреді. Академиялық сөздіктер мен кәсіби басылымдарды қараудан және аударма мәселері жайында бірін-бірімен талқылауды жүргізуден басқа, алқа мүшелері көмекті тиісті мамандардан алуға, кейбір жағдайларда GD мақалаларының авторларынан қажетті мәліметтерді алуға ұмтылады. Барлық аударылған мақалаларды рецензиялаудан өткізіп, аударманың шешілмеген мәселелерін талқылағаннан кейін алқа мүшелері мақалаларды жариялауға кіріседі. Аударманың соңғы нұсқасы GD-та жарияламас бұрын, журналдың Халықаралық әлеуметтанушылар қауымдастығының негізгі ережелеріне сәйкес аударылғандығы туралы іс-шаралар жүргізіледі. Журналды ХӘҚ сайтында жариялағаннан кейін, алқа сол журналдың сілтемесін Индонезиялық әлеуметтанулық қауымдастығына, индонезиялық әлеуметтанушылар ассоциациясына, әртүрлі әлеуметтанулық бөлімдер мен оқу бағдарламаларына, кітапханалар мен ғылыми-зерттеу орталықтарына, әлеуметтанушы-студенттер қауымдастығына және әртүрлі университеттердің жеке әлеуметтанушыларына жібереді. ■

Хаттарды Каманто Сунартоға <kamantos@yahoo.com> жолдауға болады.

> Индонезиялық редакция алқасымен таныстыру

Каманто Сунатро – Индонезия университеті, Әлеуметтанулық және саяси ғылымдар факультеті Әлеуметтану кафедрасының құрметті профессоры. 1980 жылы Чикаго университетінде философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алған. Қазіргі зерттеушілік қызығушылықтары – жоғары білім мәселелері және әлеуметтану тарихы. ХӘҚ Білім әлеуметтануы (ЗК04) және Әлеуметтану тарихы (ЗК08) зерттеу комитеттерінің мүшесі.

Хари Нугхоро – Нидерланд, Мәдени антропология және даму әлеуметтануы институтының докторанты және Индонезия университеті, Әлеуметтанулық және саяси ғылымдар факультеті, Әлеуметтану кафедрасында дәріс оқиды. Магистр академиялық дәрежесін Нидерланд, Гаага, Эразмус университеті, Әлеуметтік ғылымдар институтында алды. Зерттеушілік қызығушылықтарының аясы – еңбек, қоғамдық қозғалыстар, жергілікті саясат және әлеуметтік теңсіздік. Хари – ХӘҚ Жұмысшылар қозғалысы (ЗК44), Әлеуметтік таптар және қоғамдық қозғалыстар (ЗК47) және Қоғамдық қозғалыстар, ұжымдық әрекет пен әлеуметтік өзгеріс (ЗК48) зерттеу комитеттерінің мүшесі.

Люсия Рэтих Кузумэдьюи – Франция, Париж, Әлеуметтік ғылымдардың Жоғары мектебі, Әлеуметтану және талдау орталығының докторанты. 2006 жылы Әлеуметтік ғылымдардың жоғары мектебінің Болашақ зерттеулер дипломы иегері атанған. Нидерланд, Мәдени антропология және даму әлеуметтануы институтының докторанты және Индонезия университеті, Әлеуметтанулық және саяси ғылымдар факультеті, Әлеуметтану кафедрасында дәріс оқиды. Қоғамдық қозғалыстарды, сәйкестену, дін, жастар мен білім мәселелерін қызығушылықпен зерттейді. Люсия – ХӘҚ Дін әлеуметтануы (ЗК22) және Әлеуметтік таптар және қоғамдық қозғалыстар (ЗК47) зерттеу комитеттерінің мүшесі.

Фина Итрияти – Джакартадағы Гаджа Мада университеті, Әлеуметтік және саяси ғылымдар факультеті, Әлеуметтану кафедрасының оқытушысы және зерттеушісі. Сондай-ақ, философия докторы дәрежесін алу мақсатында Австралия ұлттық университеті, Өнер және қоғамдық ғылымдар колледжінде білім алуда. Ғылыми-зерттеу жұмысының тақырыбы: «Индонезиядағы жер сілкінісінен кейінгі кезеңде жаңа мүмкіндігі шектеулі әйелдердің сәйкестенуіндегі биоқарым-қатынас және оны қайта анықтау». Апат кезінде мүмкіндігі шектеулі болып қалған әйелдердің күнделікті өмірін түсінуі үшін зерттеуінде этнографиялық әдістерді қолданады. Ол гендер, мәдениет және қоғам, еңбекке жарамсыздық, апат және адам құқықтары мәселелерімен қызығады. Индонезия әлеуметтанулық қауымдастығы мен ХӘҚ Әлеуметтік ғылымдардағы дене (ЗК54) зерттеу комитетінің мүшесі.

>>

Индера Ратна Иравати Паттинасарани – Индонезия университеті, Әлеуметтанулық және саяси ғылымдар факультеті, Әлеуметтану кафедрасының оқытушысы. Зерттеу аясы – әлеуметтік стратификация мен мобилділік, әлеуметтік теңсіздік, кедейлік және білім әлеуметтануы. Индера әлеуметтанудан философия докторы дәрежесін Индонезия университетінде қорғаса, гуманитарлық ғылымдар магистрі академиялық дәрежесін АҚШ Мичиган университетінде алды. ХӘҚ Білім әлеуметтануы (ЗК04) және Әлеуметтік стратификация (ЗК28) зерттеу комитеттерінің ғана емес, Индонезия әлеуметтанулық қауымдастығының да мүшесі.

Бенедиктус Хари Джулиаван – Индонезия, Джакартадағы Саната Дхарма университеті, Діни және мәдени зерттеулер арнайы бағдарламасының дәріскері. Жұмысшы мигрант мәселелерімен айналысатын және жергілікті үкіметтік емес ұйым болып табылатын Сахабат Инсан зерттеушісі. 2007 жылы магистр дәрежесін алып, 2011 жылы Біріккен Корольдіктің Оксфорд университеті Даму институтында философия докторы атағын қорғады. Негізгі зерттеу қызығушылықтары – жұмысшы қозғалыстары, жұмысшы мигранттар, сәйкестену саясаты мен экономиканың бейресми секторы.

Мохамад Шохибаддин – Нидерланд, Амстердам университеті, Әлеуметтану және антропология бөлімінің докторанты. Индонезиядағы Богор ауыл шаруашылығы институты, Адам экологиясы факультеті, Коммуникация және қоғамдық даму кафедрасының дәріс оқушысы. Кедейлік, ауыл шаруашылығының дамуы және аграрлық өзгеріс мәселелерімен айналысатын Sajogyo ғылыми-зерттеу институтының директоры қызметін атқарған. Жер реформасы саясаты, аграрлық зерттеулер, әлем мен конфликтіні зерттеу, ауылдық қоғамдық қозғалыстар – зерттеуінің негізгі тақырыптары.

Домингус Эльсид Ли – Ресурсты және әлеуметтік өзгерістерді басқару институтының атқарушы директоры және зерттеушісі. 2014 жылы Біріккен корольдіктің Бирмингем университетінде философия докторы атағын қорғап, 2014-2015 жылдар аралығында АҚШ, Бостондағы Гарвард университетінің Кеннеди мектебінде постдокторлық бағдарламасынан өтті. Қазір Шығыс Индонезия, Купангтағы Нуса Сендана университеті, Әлеуметтік және саяси ғылымдар факультетінің дәріскері. Зерттеу мәселелері – миграция, адам саудасы, демократияның қатысуы мен ауыл әлеуметтануы.

Антонио Ариo Сэто Харджана доктор дәрежесін Германия, Франкфурт, Гете университеті, Этнология институтында қорғаған. Магистрлік дәрежесін Германия, Оңтүстік-шығыс Азияны зерттеумен айналысатын Пассау университетінде алған. Қазір Индонезия университеті, Әлеуметтік және саяси ғылымдар факультеті, Әлеуметтану кафедрасының дәріскері. Зерттеу аясы – мәдени зерттеулер, әлеуметтік қарым-қатынас құралдары мен әлеуметтік желілер.